# SARYARQA

ЖЕЗҚАЗҒАН 65

19.04.2019

ЖЕЗҚАЗҒАН АЙМАҚТЫҚ ГАЗЕТІ • 1973 ЖЫЛҒЫ 13 СӘУІРДЕН ШЫҒАДЫ

№14 (8128)



| AINA | RÝHANIAT | RESMI | QOǴAM |
| --- | --- | --- | --- |
| ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ 3-бет | ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫ ҰЛЫҚТАДЫ 4-бет | ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМЫ 5-бет | ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ МЕДИАЦИЯ 6-бет |


ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖЕЗҚАЗҒАНҒА ЖҰМЫС САПАРЫ

## ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚ – МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНЫҢ ӨЗЕГІ

**Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова бастаған үкіметтік топ сәрсенбі күні Жезқазғанға жұмыс сапарымен келді. Құрамында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев, Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов, Білім және ғылым министрі Күләш Шәмшидинова бар топты Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов бастап жүрді.**

Жұмыс сапары барысында Үкімет мүшелері бірнеше топқа бөлініп, қаладағы маңызды әлеуметтік нысандарды, білім ошақтарын аралап, жұртшылықпен кездесті.

Жұмыс сапары барысында Премьер-Министрдің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова, Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов құрамына 300 орындық стационар мен бір ауысымда 800-ге дейін келушіні қабылдай алатын емхана кіретін «Медициналық орталық» ЖШС қызметімен танысты. Орталық жақында Оңтүстік Кореяның үздік емханасымен әріптестіктік туралы меморандумға қол қойған болатын. Бұл құжат Оңтүстік Корея мамандарының Жезқазған медициналық орталығына тәжірибелік және кеңестік көмек беретіндігін растайды. Сонымен қатар, орталықта ангиографиялық құрылғыны пайдалану арқылы жүрекке интервенциялық ота жасау бөлімі ашылды. Құны 400 млн теңге болатын бұл ота бүгінгі күнге дейін 138 науқасқа жасалған, олардың 124-і – мемлекеттік тапсырыспен келгендер.

Сондай-ақ Гүлшара Әбдіқалықова қалалық Жұмыспен қамту орталығында болды.

– Жезқазғанда 1,5 мыңнан астам көпбалалы отбасы бар. Олардың 300-і – әлеуметтік аз қамтылғандар. Қазір қалада жаңа ережелер бойынша атаулы әлеуметтік көмек беруге дайындық жүріп жатыр. Автоматтандырылған жүйе жұмыс істейді, алыс ауыл тұрғындарына көмек көрсетіп, оларға кеңес беретін 14 жылжымалы пункт бар , – деп атап өтті Премьер-Министрдің орынбасары.

Жұмыспен қамту орталығының көмегімен өткен жылы Жезқазғанда 2728 адам жұмысқа орналасқан. Қысқа мерзімді кәсіби оқуға 243 адам жіберілген. «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша 100 адам кәсіпкерлік бойынша білім алуда. 121 адам жастар тәжірибесіне жөнелтілген.

►►2-бетте



## МҮДДЕЛЕРДІ ТОҒЫСТЫРҒАН САЯСИ ӘРІПТЕСТІК

**«Nur Otan» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Мәулен Әшімбаев Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының сайлау жөніндегі кеңесшілері Радивоя Груич және Владимир Мисевпен, сондай-ақ, ЕҚЫҰ Парламенттік ассамблеясының өкілі Димитрий Тодоричпен кездесті. Кездесуде тараптар алдағы Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауына қатысты мәселелерді талқылады. Бұл туралы партияның баспасөз қызметі хабарлады.**



Сөз басында «Nur Otan» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Қазақстанның тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап ЕҚЫҰ-ның халықаралық қауіпсіздікті сақтау, бейбітшілікті қамтамасыз ету, адам құқықтарын қорғау және демократиялық тетіктерді ілгерілетуге бағытталған саясатын қолдап келе жатқанын айтты. Сондай-ақ, ол қазіргі таңда Қазақстан мен ЕҚЫҰ арасындағы қарым-қатынастың күшейе түскеніне назар аударды.

– Қазақстанның ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастығы еліміздің осы ұйымға төрағалық еткен кезеңінде бұрынғыдан да нығая түсті. Сол кезде қабылданған Астана декларациясы ұйымның дамуына тың серпін берген маңызды құжат болды, – деп атап өтті Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар, ол ЕҚЫҰ-ның барлық стандарттары Қазақстанның мемлекеттік бағдарламалары үшін негізгі бағдар болып саналатынын тілге тиек етті. Оның айтуынша, Қазақстан үшін ЕҚЫҰ-мен, Ұйымның Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросымен және басқа да құрылымдарымен ынтымақтастықты одан әрі нығайту аса маңызды. Сондықтан партия Төрағасының Бірінші орынбасары алдағы уақытта екіжақты қарым-қатынастың дами түсетініне сенім білдірді.

Бұдан басқа Мәулен Әшімбаев дәл қазір қазақстандықтардың тарихи кезеңді бастан өткеріп жатқанына назар аударып, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Қазақстан Президенті ретіндегі өкілеттігін тоқтатқанымен, «Nur Otan» партиясының Төрағасы болып қала беретінін жеткізді.

– Біздің партия Елбасымыз айқындап берген еліміздің барлық стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу жолындағы жұмыстарын жалғастыра береді. Сондықтан алдағы президент сайлауына белсенді түрде қатысамыз. Келесі аптада өтетін партияның кезектен тыс XIX съезінде сайлауға қатысатын кандидатымызды ұсынамыз. «Nur Otan» сайлаудың ашық әрі әділ өтуіне және барлық демократиялық нормалардың сақталуына мүдделі. Өйткені бұл билік сабақтастығын қамтамасыз ететін тетіктердің бірі болып саналады, – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен бірге, «Nur Otan» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары сайлауалды үгіт-насихат жұмыстары Қазақстан Республикасының «Сайлау туралы» заңына және халықаралық талаптарға сәйкес жүргізілетінін айтып, партияның бұл істе халықаралық бақылаушылармен бірлесіп жұмыс істеуге дайын екенін жеткізді.

Өз кезегінде ЕҚЫҰ Демократиялық институттар және адам құқықтары жөніндегі бюросының сайлау жөніндегі кеңесшісі Радивоя Груич елімізге Қазақстанның Сыртқы істер министрлігінің ұсынысы бойынша келгендерін айтты.

– Біз мұнда сайлауға қатысты кейбір талаптарға бағалау жұмыстарын жүргізіп, алдағы саяси науқанға дайындықтың қазіргі деңгейін бағамдаймыз. Сондай-ақ, Ұйымның атынан сайлауға бақылаушылар жіберу ісін пысықтап, Қазақстанның бірқатар мемлекеттік органдарымен, бұқаралық ақпарат құралдарымен және саяси партия өкілдерімен кездесулер өткіземіз, – деді Радивоя Груич.

Сондай-ақ, ЕҚЫҰ өкілі алдағы уақытта «Nur Otan» партиясының жұмысы қай бағытта өрбитінін сұрады. Бұл сауалға жауап берген партия Төрағасының Бірінші орынбасары ең алдымен «Nur Otan» Қазақстанның Тұңғыш Президентінің саясатын әрі қарай жалғастырып, билік сабақтастығының бейбіт жолмен жүргізілуіне басымдық беретінін айтты.

– Елбасы саясатының негізінде ел дамуының негізгі басымдықтары анық көрсетілген. Бірінші басымдық – нарықтық экономиканы дамыту. Қазірдің өзінде біз бұл бағытта көптеген жетістіктерге қол жеткіздік. Екінші басымдық – әлеуметтік саясат. Тұңғыш Президентіміз үнемі осы салаға айрықша мән беріп, халықтың әл-ауқатын арттыруға арналған еліміздің әлеуметтік доктринасын қалыптастырып берді. Үшінші басымдық – елімізде бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз ету. Бұл – көпұлтты және геосаяси жағдайы күрделі Қазақстан үшін аса маңызды сала. Келесі басымдық – еліміздің көпвекторлы сыртқы саясатын жүйелі түрде жүргізу. Партиямыз Елбасы анықтап берген осындай басымдықтарды әрі қарай жалғастырып, олардың сақталуы үшін жұмыс істейді, – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар, ол Қазақстанның алдында тұрған басты мақсат – әлеМнің ең дамыған 30 елінің қатарына қосылу екеніне назар аударып, бұл партия жұмысының да негізгі басымдығы болып қала беретінін айтты.

– Ең дамыған елдермен бірге Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің қатарына қосылу да еліміздің негізгі мақсаттарының бірі. Осы бағыттағы басымдықтар партияның жаңа бағдарламасында анық көрсетілген. Аталған міндеттер біздің сайлауалды науқан кезіндегі жұмысымызда да басты назарда болады, – деді «Nur Otan» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары.

Айта кетейік, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы саяси диалогқа арналған халықаралық ұйым. Негізгі мақсаты – жетілдірілген басқару мен демократиялық үрдіс негізіндегі аймақтық тыныштық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Ұйымның құрамында Аз ұлттардың ісі жөніндегі 9 жоғарғы комиссар, Демократиялық институттар мен адам құқықтары жөніндегі бюро және Парламенттік ассамблея бар. Қазақстан бұл ұйымға 1992 жылы мүше болды. Ал 2010 жылы еліміз Ұйымға төрағалық етіп, әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелердің оң шешілуіне өз ықпалын тигізді.

**Өз тілшіміз**

**«Сарыарқа» газ құбырының құрылысы жоспарға сәйкес 2019 жылдың желтоқсан айында аяқталады. Бұл туралы Қызылорда облысына жұмыс сапармен барған «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның басқарма төрағасы Ахметжан Есімовке баяндалды.**

## «САРЫАРҚА» ГАЗ ҚҰБЫРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ УАҚЫТЫНДА АЯҚТАЛАДЫ






«Сарыарқа» газ құбырының құрылысы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырынан бастау алады. Қазіргі уақытта объектіде құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізіліп жатыр. Басты құрылыс жұмыстары 2019 жылдың соңына дейін аяқталады. Ал, 2020 жылы объектіні пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Өз кезегінде, Ахметжан Есімов құрылыс барысымен танысып, оң бағасын берді және жұмыстың сапасы мен тапсырылу мерзімінің сақталуын талап етті.

«Сарыарқа» магистральды газ құбыры Қазақстанның астанасы мен орталық және солтүстік аймақтарын газдандыруға арналған. Қор ауқымды жобаны қаржыландыруға қатысады, «ҚазСтройСервис» компаниясы – құрылыс мердігері, «Астана Газ ҚМГ» – операторы.

Айта кеткен жөн, газ құбырының тасымалдау қабілеті жылына 2,2 млрд. $м^3$ газды құрайды. Мысалға, тек Алматы облысы мен Алматы қаласының газ тұтыну мөлшері жылына 2 млрд. $м^3$. Жалпы алғанда, Қарағанды және Ақмола облыстарында 171 елді-мекен газбен қамтамасыз етіледі.

Осылайша, газдандыру есебінен көмір отынын тұтыну көлемі жылына 650 мың тоннаға азаяды. Бұл шаралар еліміздің экологиялық жағдайын жақсартады. Бұдан басқа, «Сарыарқа» газ құбырының құрылысы 800-ден астам адамды жұмыспен қамтамасыз етеді, ең қызу жұмыс жүретін айлары 2000-нан аса адам жұмылдырылады.

Атап өтейік, құбырды төрт кезеңде салу жоспарланып отыр. Бірінші кезеңде Жезқазған-Қарағанды-Нұр-Сұлтан бағытындағы магистральды газ құбырының құрылысы жүргізіледі. Екінші кезеңде Нұр-Сұлтан қаласынан Көкшетауға дейін газ құбырын тарту, ал үшінші кезеңде Петропавл қаласына тарту көзделіп отыр. Соңғы кезеңде Жезқазған мен Теміртаудағы компрессорлық станциялардың құрылысы қарастырылған. Құбырдың жалпы ұзындығы – 1061,3 шақырым. Жобаны іске асыруға жергілікті компаниялар мен еңбек күші тартылған.

**Жомарт ТАЙМАС**

SARYARQA-АҚПАРАТ

## САЙЛАУҒА ҚАНША ҚАРЖЫ ЖҰМСАЛАДЫ?



**ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі Әлихан Смайылов президенттік сайлауға жұмсалатын қаржының нақты сомасын атады.**

– Министрлер кабинетінің отырысында біз Үкіметтің резервінен сайлауды өткізуге 9,4 миллиард теңгені бөлуге шешім қабылдадық. Аталған қаражат республика бойынша ашылатын 10 мыңға жуық сайлау учаскесінің жұмысын ұйымдастыруға жұмсалады. Ол жерлерде 70 мыңға жуық адам істейді. Әрине, ол қаржының басым бөлігі сайлау учаскелерінде жұмыс істейтін адамдардың жалақысына бағытталады, – деді Ә.Смайылов.

Оның айтуынша, бастапқы сома аймақтардан түскен тапсырыстардың негізінде жасалған болатын. Артынан Үкімет әрбір аймақта ашылатын сайлау учаскелері мен ол жерде жұмыс істейтін адамдардың санын нақтылады.

– Сөйтіп, 9,4 миллиард теңге көлеміндегі соманы шығардық, – деп атап көрсетті Ә.Смайылов.

## РЕСЕЙ «БӘЙТЕРЕК» ЗЫМЫРАН КЕШЕНІН ҚҰРАСТЫРУҒА КІРІСТІ

**Ресей Федерациясы «Бәйтерек» зымыран кешенін құрастыруға кірісті.**

– 2018 жылы ресейлік тарап «Зенит М» ғарыштық зымыран кешенін Қазақстанға тапсырды. Қазір оны пайдалану мәселесімен Ресей мен Қазақстанның бірлескен «Бәйтерек» кәсіпорны айналысуда. Ресей тарабы ортақ кешеннің құрылысы бойынша өз міндеттемелерін атқаруға кірісіп кетті. Біз «Союз 5» зымыранын құрастыруды бастадық. Біздің тарап үшін «Бәйтеректің» құрастырылуы маңызды. Себебі сынақтық және одан арғы маңызды ұшырылымдар үшін «Союз 5»-ті нақты сол кешеннен ұшыруды жоспарлап отырмыз, – деді «Роскосмос» корпорациясының Қазақстандағы өкілдігінің басшысы Анатолий Красников елордада өткен брифингте.

Оның айтуынша, кешеннің құрылысына Қазақстанның көптеген кәсіпорындары жұмылдырып, жаңа жұмыс орындары ашылады, жаңа жоғары білікті мамандар даярланып шығады.

– Біздіңше, бұл Қазақстанның жоғары технологиялы салаларына, жалпы елге игі әсерін тигізеді, – дейді ол.

Бұдан бөлек А.Красников Ресейдің ғарыш өнеркәсібі кәсіпорындары Қазақстанның ғарыштық байланыс жүйелерін салуға да қатысқанын тілге тиек етті.

## БАС ПРОКУРАТУРА 15 МЫҢ МҰҒАЛІМГЕ ҚОСЫМША ҮСТЕМАҚЫ ТӨЛЕНБЕГЕНІН АНЫҚТАДЫ

**Қадағалау актісі бойынша педагогтарға 176 млн теңгеден астам қаржы төленді. Бұл туралы ҚР Бас прокуратурасының ресми сайтында хабарланды.**



Прокуратура органдары жалпы білім беретін мекемелер қызметкерлерінің еңбек құқықтарының сақталуын талдау барысында еліміз бойынша 15 305 педагогқа 2016-2018 жылдардағы оқу кезеңінде инклюзивті білім беру аясында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалармен жұмыс істегені үшін үстемеақы төленбей келгенін анықтады.

– Өз кезегінде көрсетілген жұмыс жағдайы үшін қолданыстағы заңнамада педагогтарға жалақыдан 40% мөлшерінде үстемеақы көзделген («Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Үкіметтің 31.12.2015 жылғы №1193 қаулысы, «Білім туралы» Заңның 52-бабының 4-тармағы), – делінген хабарламада.

Прокурорлық қадағалау актілерін қарау нәтижесі бойынша заң бұзушылықтар жойылып, жоғарыда көрсетілген қызметкерлерге 176, 2 млн теңге мөлшерінде төлемдер жүзеге асырылды.

## ҰСТАЗДАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫН КӨТЕРУ КОЭФФИЦЕНТІ БЕКІТІЛДІ

**ҚР Білім және ғылым министрі Күләш Шәмшидинова білім қызметкерлерінің жалақысын көтеру шаралары туралы айтты. Аталған тапсырманы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев берген болатын. Оған сәйкес, жалақысы төмен бюджеттік сала қызметкерлерінің жалақысы 30 пайызға көтерілуі керек.**

Министрдің айтуынша, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі жаңа тарифтік коэффицентті бекітті. Ал, ҚР Білім және ғылым министрлігі есептеу жұмыстарын бастап кетті.

– Осы орайда айта кететін мәселе, жалпы бюджет саласындағы жалақысы төмен қызметкерлердің айлығын көбейтуге арналған қаржының 75 проценті білім саласына бөлініп отыр. Жалақы 1 маусымнан бастап көтерілетін болады. Негізгі персоналдың айлығы көтеріледі. Олардың ішінде еңбек өтілін енді ғана бастаған жас мұғалімдер, колледж ұстаздары, психологтар, балабақшалардың жетекшілері, тәрбиешілері мен көмекшілері, сонымен қатар, қосымша білім беру жүйесінде жұмыс істейтін қызметкерлер бар, – деді К.Шәмшидинова

Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында. Оның сөзіне қарағанда, көмекші персоналдың жалақысы да артады. Олар – еден жуушылар, күзетшілер, от жағушылар, сантехниктер мен электриктер.

– Сосын басқарушы персонал бар. Олар – мектеп директорлары мен олардың орынбасарлары, – деп атап көрсетті К.Шәмшидинова.

## *Министр*: ТҮЛЕКТЕР КЕШІН МЕКТЕПТЕ ӨТКІЗУ КЕРЕК

**ҚР Білім және ғылым министрі мектеппен қоштасу кештерін өткізуге қатысты пікір білдірді.**

– Негізі, бұл мәселе жыл сайын көтеріліп тұрады. Бірақ бұрыннан бері келе жатқан жақсы бір дәстүр бар. Ол – түлектердің кешін мектепте өткізу. Ондайда мұғалім мен оқушы арасында салиқалы әңгімелер айтылады, түлектердің өзара қарым-қатынасы да басқаша жүреді. Өкінішке қарай, соңғы кездері кім және қайда өткізеді, кәдімгідей бәсеке болып кетті. Меніңше, түлектердің кеші бұрынғыдай өтуі керек. Біздің ата-аналарымыз солай өткізді. Біз де мектепте өткіздік. Сонда нағыз мектеппен қоштасу кеші болады, – деді К.Шәмшидинова Үкімет үйінде өткен баспасөз мәслихатында.

Министрдің айтуынша, кез келген шарада мектеп те, ата-аналар да балалардың қауіпсіздігіне баса назар аударуы қажет.

– Сол себепті біз ондай кештер тек мектептің территориясында ғана өтуі керек деп санаймын. Артық ақша шашудың да қажеті жоқ. Аста-төк отырыс жасамау керек. Қымбат көйлек алудың да қажеті шамалы. Түлектер кеші ол үшін жасалмайды. Өзара бәсеке үшін жасалмайды. Мектеппен қоштасу кеші жанға жайлы кездесу болып өтуі керек. Балалар, ата-аналар мен мұғалімдердің салиқалы бір отырысы болуы қажет, – деп атап көрсетті К.Шәмшидинова.

ҮКІМЕТ МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖЕЗҚАЗҒАНҒА ЖҰМЫС САПАРЫ

# ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМҚОРЛЫҚ – МЕМЛЕКЕТ САЯСАТЫНЫҢ ӨЗЕГІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*



Премьер-Министрдің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова мен Білім және ғылым министрі Күләш Шәмшидинова атбасын бұрған мекемелер қатарында «Ертөстік» бөбекжайы және мектеп оқушылары бағдарламалау мен робототехника бойынша білім алатын білім орталығы да бар. «Ютария ltd» өндірістік инновациялық компаниясың «Жарқын ақыл» білім және даму орталығындағы бұл IT-сыныптардың ашылуына 38 миллион теңгеден астам қаржы жұмсаған.

Бұдан ары Білім және ғылым министрі қаламыздағы №№1, 10 орта мектептерде болып, гуманитарлық колледжде орта кәсіптік білім беру мекемелері оқытушыларымен, студент жастармен кездесті.

Гүлшара Әбдіқалықова мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев Жезқазған тұрғындарын қабылдады. «Nur Otan» партиясы қалалық филиалы ғимаратында өткен кездесуге барлығы 8 адам жазылып, аймақ дамуына, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерге қатысты сұрақтарға жауап алды.

Премьер-министр орынбасарының қабылдауына қатысқан Гүлмира Аманжолова есімді көп балалы ана екі баласы Жезқазған университетінде ақылы бөлімде оқитынын айтып, вице-премьерден оқу ақысына 50 пайыз жеңілдік қарастыру мүмкіндігін сұрады. Гүлшара Наушақызы бұл мәселені демеушілер көмегімен шешуді ұсынып, қала басшысы Қайрат Бегімовке тапсырма берді. Қабылдауға барған ақын, филология ғылымдарының кандидаты Ғазиз Ештанаев қала мектептерінде педагог мамандардың жетіспейтінін, мәселені Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетіне педагогикалық мамандықтарды оқытуға қосымша гранттар бөлу арқылы шешуге болатынын ұсыныс ретінде айтты. Премьер-Министр орынбасары Білім және ғылым министріне аталған мәселені қарастыруды ұсынды. Сондай-ақ, жергілікті университет 2018-2019 оқу жылында министрліктен 12 педагогикалық мамандық бойынша 16 грант алғаны да айтылды. Университетке жергілікті бюджеттен сұранысқа ие мамандықтарды оқыту бойынша гранттар бөлу жолдарын қарастыруды да тапсырды.

Жездігүл Байбосынова есімді 1-топтағы мүгедек 2017 жылы шипажайда ем алуға өтініш бергенін, әлі жолдама қолына тимегенін жеткізді. Кездесу үстінде оның кезегі келіп, 27 мамыр мен 6 маусым аралығында Бурабайдағы «Алмаз» шипажайына жолдама дайын тұрғаны белгілі болды.

Назира Мамырбаева болса мүгедек баласын оңалту орталығында емдетудің мүмкіндігін сұрады. Оған елордадан келген шенеуніктер Ұлттық балаларды оңалту орталығына мамыр айында квота берілетінін жеткізді.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаевтың қабылдауына жазылған азаматтардың дені атаулы әлеуметтік көмек алу шарттарына қатысты сұрақтармен келіпті. Төрт баласы бар Алмагүл Мұстапаева төртінші баласын 2018 жылы босанғанын, сол үшін қазіргі қолданыстағы заңнамаға сай көп балалы ана мәртебесін ала алмай отырғанына шағымданды. Министр бұл мәселе қоғамда өзекті болып отырғанын, қазіргі таңда аталған олқылықты жоюға бағытталған шаралар қолға алынып жатқанын жеткізді.

Евгения Егорова атаулы әлеуметтік көмек тағайындаған кезде өздерімен бірге тұратын қайны атасының зейнетақысы да кіріс ретінде есептеліп, әлеуметтік көмектен қағылып отырғанына шағымданды. Журналист, төрт баланың анасы Мақпал Орынбетова көп балалы аналарды қолдау шаралары жөніндегі заңнамаға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарын айтса, Әйгерім Мамина есімді жас маман моноқалаларға жұмыс істеуге келетін жас кадрларға қаржылық қолдау тетіктерін қарастыруды сұрады.

Еліміздің Денсаулық сақтау министрі Елжан Біртанов Жезқазған қаласындағы «Жүрек» ЖШС, медициналық колледж базасында ашылған стоматологиялық кабинеттің, жақында жұмысын бастайтын консультациялық-диагностикалық орталықтың, Орталық аурухананың жұмысымен танысты.

Жезқазған қаласында бірнеше медициналық мекеменің жұмысымен танысқан Елжан Біртанов одан әрі Сәтбаев қалалық емханасына барды. Сондай-ақ, министр Жезқазған аймағының медицина саласының еңбеккерлерімен кездесіп, Елбасының әлеуметтік қамқорлық бағдарламасы аясында медицина саласындағы оң өзгерістерді түсіндірді.

Пәтер иесі халыққа қамқорлық танытуға бағытталған өзекті әлеуметтік саясат жүргізіліп жатқаны үшін мемлекетке шын жүректен алғысын білдірді.

Түс қайта «Қазақмыс» корпорациясының әкімшілік ғимаратында ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев, Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал қалаларының және Жаңаарқа мен Ұлытау аудандары әкімдерінің, Жезқазған өңірінің ірі кәсіпорын, бизнес құрылымдар мен кәсіподақ ұйымдары жетекшілерінің қатысуымен бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жайында жиын өткізді. Жиынды облыс басшысы Ерлан Жақанұлы ашты.

– Естеріңізде болса, 2008 жылы Елбасының төрағалығымен Жезқазғанда бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөнінде бірінші форум өткен болатын. Сол форумда Нұрсұлтан Әбішұлы бизнестің корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілігіне қатысты жаңа міндеттер қойған еді. Сол тапсырмаларды орындау мақсатында осы жылдар ішінде бірқатар жұмыс атқарылды. Осыдан 15-20 жыл бұрын мемлекет бизнестің аяғынан тұруына көмек жасаса, қазір бизнес мемлекетке әлеуметтік мәселелерді шешуде көмек көрсетіп келеді. Кәсіпкерлердің инвестициялары аймақтардың дамуына оң ықпалын тигізуде, – деген Ерлан Қошанов Үкімет мүшелерінің қатысуымен өтіп жатқан бұл жиынның мақсаты алдағы әлеуметтік-еңбек қатынастарының даму бағыттарын айқындап алу екендігін атап өтті.

Жиында сөз алған ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова Жезқазғандағы бұл кездесудің бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі тұрғысынан ерекше мәнге ие екеніне назар аудартты.

– Осыдан 11 жыл бұрын Елбасы бастамасымен Жезқазғанда бірінші рет бизнестің әлеуметтік жауапкершілігіне арналған жиын өткен. Содан бері бұл іске ірі кәсіпорындар белсенді атсалысып келеді. 2018 жылдың өзінде ел бойынша 89 млрд теңгеге барлығы 290 әлеуметтік нысан салынды, – деген Гүлшара



Наушақызы әлеуметтік мәселелерді шешудегі жұмыс берушілердің жауапкершілігіне тоқталды. Ол бүгінгі таңдағы басты міндет еңбеккерлердің жалақысын төлеуді кешіктіруге жол бермеу керектігін баса айтты.

– Республика бойынша бүгінгі таңда жалақы қарызы 1,2 млрд теңгені құрап отыр. Біз мұндай келеңсіздіктерге жол бермеуіміз керек. Өйткені, әлеуметтік шиеленістердің 30 пайызы осы жалақыны уақытылы төлемеуден шығып жатады. Екінші мәселе, ол – еңбекақы мөлшерін көтеру. Бұл Елбасының былтырғы халыққа Жолдауында да, әлеуметтік қамқорлық бағдарламаларында да айтылған болатын. Бұл жерде де ірі кәсіпорындар мен жұмыс берушілердің маңызы ерекше. Мемлекет әлеуметтік қолдау шараларына ерекше көңіл бөліп отырғанын білесіздер. Алдағы үш жылға 2,3 трлн теңге әлеуметтік жобаларға бөлініп отыр, – деді ол.

Вице-премьер сондай-ақ, еңбек қауіпсіздігі мен еңбек құқығын сақтау мәселесіне де ерекше тоқталды.

Гүлшара Наушақызынан соң сөз алған Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Бердібек Сапарбаев бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін күшейтуге бағытталған шараларды тізді.

– Елбасының бастамасымен өткен форумнан соң бизнесті әлеуметтік жауапкершілікке ынталандыру үшін «Парыз» конкурсы ұйымдастырыла бастады. Осы 11 жыл ішінде 5 мыңның үстінде ірі жұмыс беруші кәсіпорын конкурсқа қатысты, оның ішінде 283 кәсіпорын «Парыз» сыйлығының лауреаты атанды. Осы жылдар ішінде 163 мың жаңа жұмыс орны ашылды, әлеуметтік жобаларға, демеушілік пен қайырымдылыққа 164 млрд теңге қаражат жұмсалды, әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын күтіп ұстауға 39,5 млрд теңге бағытталды. Бұл кәсіпорындардың ішінде «Қазцинк», «Қазақмыс», «Еуразиялық топ», «КАТКО» сынды ірі компаниялар бар, – деді министр.

Б.Сапарбаев Жезқазғандағы бірқатар нысандардың жөндеу жұмыстарына, әлеуметтік маңызды нысандарды күтіп ұстауға «Қазақмыс» корпорациясының көп қолдауы болғанын, ол қолдау әлі күнге жалғасын тауып келе жатқанын тілге тиек етті.

Министр бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарға мемлекеттік деңгейде мән беріліп отырғанын айтты. Бұл ретте еңбек құқығы, еңбек қауіпсіздігі мен әлеуметтік қолдау шаралары жөнінде ірі кәсіпорындар мен мемлекеттік органдар арасында қабылданып жатқан меморандумдардың маңызы зор.

– Әлеуметтік жауапкершілік аясын кеңейту мақсатында ірі кәсіпорындар көп балалы, мұқтаж отбасыларды қамқорлыққа алуы керек. Өз жұмыскерлері арасындағы ондай отбасы мүшелерін баспанамен қамту тетіктерін қарастыру ұсынылады. Қазір біздің есебімізше еліміздегі ірі кәсіпорындарда еңбек ететін мұндай 14 мың адам бар. Ендігі міндет – солардың әлеуметтік мәселелерін шешу. Бізде бүгінгі таңда мұндай тәжірибе бар. Бүгінге дейін үкіметтік топ еліміздің 12 өңірінде болды. Барған жерлерімізде жергілікті кәсіпкерлер, фермерлер қарамағындағыларға жасап жатқан қамқорлықтарына куә болдық. Кеше ғана Алматы облысында болдық. Бауыржан Оспанов, Жақсылық Үшкемпіров сынды елге танымал азаматтар өз қарамағындағы аз қамтылған азаматтарға сондай қолдау көрсетіп келеді. Біз мұндай тәжірибені республика аумағында үлгі етеміз, – деді Бердібек Машбекұлы.

Сондай-ақ, министр Елбасы тапсырмасына сай еңбекақы мөлшерін өсіру, қысқартуларға және жалақы кешіктіруге жол бермеу мәселелерін қадап айтып, еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету керектігін қатаң тапсырды. Бұл ретте заманға сай технологияларды өндіріске енгізудің маңызына тоқталды.

Жиында сондай-ақ, «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Басқарушы кеңесінің бас директоры Бақтияр Қырықпышев, «Арселор Миттал Теміртау» АҚ-ы атқарушы директоры Вадим Басин, «ҚазЦинк» ЖШС әкімшілік мәселелер жөніндегі атқарушы директоры Андрей Лазарев, жезқазғандық кәсіпкер, меценат Бекзат Алтынбеков сөз алды.

«Қазақмыс» басшысы Бақтияр Әбдірахманұлы компания Елбасының халықтың әлеуметтік жағдайы мен тұрмыс сапасын жақсартуға ерекше көңіл бөлетінін тілге тиек етіп, алып компанияның әлеуметтік жауапкершілік саласындағы жұмысына кеңінен тоқталды.

– Біздің компания кен өндіру, байыту, қорытудың толық циклын жүзеге асыратын ірі кәсіпорындармен қатар, сервис, геология сынды басқа да бірқатар салаларды біріктіретін компания екенін білесіздер. Компания кәсіпорындарының орналасу аймағы да кең және ол тек Қарағанды облысымен шектелмейді. Бүгінде бізге қарасты кәсіпорындарда 38 мыңнан астам адам еңбек етуде, – деді корпорация басшысы.

2022 жылға қарай жылына 300 мың тонна мыс өндіру межесін бағындыруды жоспарлап отырған алып компания әлеуметтік жауапкершілік саласында да бірқатар жетістіктерге ие. Бұл ретте жұмыс барысында жарақат алу оқиғаларын қысқарту шаралары оң нәтиже беріп жатқан көрінеді. Компания 2018-2020 жылдарға арналған өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбек қорғау саласындағы орташа мерзімді жоспар қабылдаған. DuPont компаниясымен бірлесіп, «Қазақмыс» тобы компанияларында жарақат алу деңгейін төмендету жоспары жүзеге асуда.

Компания жұмысшылардың өтініш-тілектерін назарға алу, ұжымдардағы өзекті проблемаларды зерттеудің де тиімді тетіктерін қолданысқа енгізген. Бүгінде кеңес беру-консультациялық органдар корпорацияның әр кәсіпорнында әрекет етеді.

Компания баспанамен қамту бағытында да қыруар жұмыс атқарып жатыр. Б. Қырықпышевтың айтуынша, бүгінде «Қазақмыс» корпорациясының балансында 469 үй мен пәтер бар. Жұмысшыларды әлеуметтік қолдау мақсатында ол баспаналарды жалға алып отырғандарға нарықтық құнының 70 пайызына немесе 7 жылға дейін бөліп төлеу тәртібімен жекешелендіру мүмкіндігі ұсынылуда. Жыл басында корпорация көп балалы бір анаға пәтер сатып алып берді. Биыл Жезқазғанда жалпы ауданы 8 393 шаршы метр болатын 3 көпқабатты тұрғын үй салу жоспарлануда. Бұл құрылысқа компания 1,2 млрд теңге бағыттамақшы.

Бұдан бөлек мыс алыбы жұмысшылардың жалақысын өсіру, еңбеккерлердің емделуіне, мәдени демалысын қамтамасыз етіп, спорттық мекемелерге баруына да қаржылай көмек көрсетіп келеді. Қайырымдылық және демеушілік сипаттағы іс-шаралар – өз алдына бір төбе.

Жергілікті кәсіпкерлер атынан сөз алған меценат Бекзат Алтынбеков қайырымдылық жасау, жетім-жесірді қолдау қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрі екенін тілге тиек етіп, бұл игі істен жезқазғандық іскер азаматтардың шет қалмайтынын жеткізді. Кәсіпкер өзі құрылтайшысы болып отырған Бизнес және көлік колледжінің ұжымы, қызмет көрсету орындарында жұмыс істейтін еңбеккерлердің баспана мәселесін шешуді, сонымен бірге, үздік еңбеккерлерге еңбекақысының 40 пайызы көлемінде тұрақты түрде сыйақы тағайындауды жолға қойған. Сондай-ақ, 1 сәуірден бастап әр жұмыскерге жинақтаушы зейнетақы қорынан ерікті жинақ есеп шоты ашылып, 5 мың теңге көлемінде құрылтайшы есебінен жарна аудару бастамасы жүзеге асуда. Театр, өнер ұжымдарына жасалып жатқан қаржылай қолдау да айтылмай қалмады. Бұдан бөлек, жақында жергілікті әкімдік пен «Nur Otan» партиясы қалалық филиалының өтінішімен көп балалы анаға екі бөлмелі пәтер сыйлағалы отырғанын жеткізді.

– Өз басым бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі дегенді кәсібіңнің дамуының кепілі және кадрлық тұрақтылықты қамтамасыз етуші фактор деп білемін. Сондықтан, «Кең болсаң, кем болмайсың» дегендей, қайырымдылық біздің жұмысымыздың негізгі бір бағыты десек те болады, – дей келе Бекзат Қомарұлы елордадан келген Үкімет мүшелерінен оңтүстік өңірлерден мектеп түлектерін еліміздің орталық, солтүстік аймақтарына оқуға, жұмысқа орналастыруға оң ықпалын тигізіп келген «Серпін» бағдарламасын жандандыруды сұрады.

Жиын соңында облыс басшысы залда отырғандардан сұрақ, ұсыныстар бар-жоғын сұрады. Өзін Азамат деп таныстырған жиынға қатысушылардың бірі қаламыздағы өрт сөндіру мекемесіне жаңа өрт сөндіру машиналарын алу, қолжетімді бағаға жаңа үйлер салу, автокөлік жолдарының сапасын бақылау жөнінде өтініш айтты. Облыс әкімі Ерлан Жақанұлы Жезқазғанда жаңа тұрғын үй салу біраз уақыт бойы тоқтап келіп, енді жандана бастағанын, былтыр екі көп қабатты үй салынса, биыл 6 үй салынғалы жатқанын, бұған қоса «Қазақмыс» корпорациясы тағы 3 үй салғалы отырғанын айтты.

– Соңғы жылдары Жезқазғанда бір мектеп салынбаған. Міне, биыл 900 бала оқитын дарынды балалар мектебінің құрылысын бастадық. Бұл мәселені біз бірнеше жыл бойы Елбасы, Үкімет деңгейінде көтеріп жүріп шештік. Сонымен бірге, бір айдың ішінде үлкен денешынықтыру кешенінің құрылысы басталады. Сәтбаев қаласымен екі ортадағы жолды жөндеуді де биыл бастаймыз. Оның қауіпсіздігін қамтамасыз етеміз, ортасы бөлінетін болады. Алдыңғы жылы Жезқазғанның 6 көшесінің жолы жөнделді. Былтыр да негізгі көшелердің жолы жөнделді. Биыл тағы 1 млрд теңге бөлініп отыр. Кей жерлерде олқылықтар болса, мердігерлер кепілдік мерзім ішінде ол олқылықтарды жояды, – деген Ерлан Жақанұлы Жезқазғандағы өрт сөндіру бөліміне биыл екі көлік алынғанын, алдағы уақытта да техникалық база жаңартылатынын жеткізді.

Жезқазғанда бірнеше әлеуметтік нысанда болып, ірі кәсіпорын басшыларымен жиын өткізген Үкіметтік топ мүшелерінің жұмысы одан әрі Қарағанды қаласында жалғасты.

**Дархан МҰХАН**

*Суреттерді түсірген* **Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР – ЕЛ ИГІЛІГІНЕ




**«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының XXVIII мен «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалының XXI кезектен тыс конференциясы өтті.**

200-ден астам делегат қатысқан жиында «Nur Otan» партиясының кезекті XVIII съезінде партия төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың тапсырмасымен қабылданған «Бақытты отбасы», «Халыққа көмек», «Ауыл – ел бесігі», «Құтты мекен» партиялық жобаларын іске асыру жөніндегі жұмыстар талқыланды. Күн тәртібіндегі бұл мәселе жөнінде «Nur Otan» партиясының Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженова баяндап берді.

Қазақстандық отбасылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту үшін «Бақытты отбасы» жобасы қабылданды. Елбасы төмен жалақы мөлшерін, көпбалалы отбасыға берілетін жәрдемақыны көтеруді тапсырды. Ал, өзінің баспанасын алғысы келетін қазақстандықтардың мақсатына жетуді «Құтты мекен» бағдарламасы жүзеге асырмақ. Ауылдық жерлерге жас мамандарды тартып, ауылдың көркейіп, жаңғыруына «Ауыл – ел бесігі» партиялық жобасы септеседі. Партия төрағасының ұсынған «Халыққа көмек» жобасы үкімет пен халықтың арасын жақындатуға бағытталған.

Байыту фабрикасының №2 бас корпусының конвейер машинисі Гүлбану Нұрмағанбетова баяндаманы талқылауға өз ойын қосты. Ол өзінің көп баланың анасы екенін, мемлекет тарапынан көмек көрсетіліп жатқанын атап өтті. «Бақытты отбасы» жобасы дүниеге ұрпақ әкеліп, елдің демографиялық өсіміне үлесін қосатын аналарға зор қолдау екенін жасырмады.

Келесі болып №15 Малшыбай орта мектебінің мұғалімі Ернар Смағұлов сөз алды. Ол ауыл тұрғындары Елбасының ел дамуына тың қарқын беретін жаңа «Ауыл – ел бесігі» жобасынан үмітпен қарсы алғанын айтты. Өйткені, Нұрсұлтан Әбішұлының айтқан бастамасы арқылы ауылдың әлеуметтік ортасы жаңғырып, өңірлердегі еңбекке қатысты идеология алға ілгерілері сөзсіз. Ауыл тұрғындарының әлеуметтік тұрмысына көңіл бөлгенді жөн санайтын ұстаз Малшыбай ауылының бүгінгі тыныс-тіршілігне тоқталды. Малшыбай ауылында суару, су жүйесін қалпына келтіру, көшелерге асфальт төсеу, ауылға жігермен келген жас мамандарға тұрғын үй салу, жас спортшыларға арнайы алаңдар тұрғызу сынды кезек күттірмейтін мәселелер барын алға тартқан Ернар «Ауыл – ел бесігі» жобасы осы мәселелердің оң шешімін табуға үлес қосарына сенім білдірді.

Конференцияның күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша партияның облыстық съезіне делегаттар сайланды. Съезге Жезқазған қаласынан 20 делегат ұсынылды. Олардың қатарында қаланың Құрметті азаматтары, мемлекеттік наградалардың иегерлері, қоғам белсенділері бар.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

# АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫС ӨТТІ

**Жезқазған қаласының екінші шақырылған қоғамдық кеңесінің алғашқы отырысын қоғамдық кеңесті жасақтау жөніндегі жұмысшы тобының төрағасы, қалалық мәслихат хатшысы Советбек Медебаев ашты. Кеңес отырысына қала әкімі Қайрат Бегімов қатысты.**



Кеңестің күн тәртібіне кеңес төрағасы мен хатшысын сайлау, төралқа мен комиссиялар құрамын жасақтау жөнінде мәселелер қойылды.

Кеңес мүшелерінің көпшілік даусымен кеңес төрағасы болып Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Сағындық Үсенұлы Қожамсейітов, хатшы болып ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Батырбекқызы Мырзабекова сайланды.

Төралқа құрамына кеңестің төрағасы мен хатшысы және қалалық мәслихат хатшысы енді.

Кеңес отырысында сондай-ақ, бюджет және аумақтық даму, құқықтық мәселелер, қоғамдық бақылау комиссиялары мен азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қабылдау, қарау тобының құрамы жасақталды.

Отырыс соңында қала әкімі Қайрат Бегімов қоғамдық кеңестің алдыңғы құрамына алғысын білдіріп, жаңа құрамға сәттілік тіледі.

**Өз тілшіміз**

# ЕЛ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ ЖОЛЫНДА

**«Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы құрамындағы №1,2,3 байыту фабрикасының бастауыш партия ұйымдарының жиыны өтті.**

Филиалдың XXI кезектен тыс конференциясына орай өткен жиынды «Nur Otan» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының біріниші орынбасары Бауыржан Шыңғысов жүргізді.

Күн тәртібіне сәйкес баяндама оқыған №1,2,3 байыту фабрикасының директоры, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшесі Мұрат Бөрібаев «Nur Otan» партиясының кезекті XVIII съезінде ҚР Тұңғыш Президенті, партия төрағасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынған халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталған төрт әлеуметтік жобасы жайында айтып берді. Қазіргі таңда елімізде «Халыққа көмек», «Бақытты отбасы», «Ауыл – ел бесігі» және «Құтты мекен» жобалары қолға алынды.

«Халыққа көмек» жобасының басты мақсаты – азаматтарды алаңдатқан мәселелердің оң шешілуіне жедел әрі жүйелі түрде ықпал ету. Партия бұл бағдарламаны мемлекеттік органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен және бизнес қауымдастықпен бірлесіп іске асырады. Жоба негізінде партияның еліміздегі барлық қоғамдық қабылдау бөлмелерінің жұмысы жаңғырып, олар «бірыңғай әлеуметтік терезе» жүйесінде қызмет көрсетуге көшті.

1 шілдеден бастап әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарды, әсіресе, көпбалалы отбасыларды қолдау шараларын кеңейту, аталған көрсеткішті күнкөріс деңгейінің 70%-ға дейін жеткізу, сондай-ақ, атаулы көмек алып отырған көпбалалы отбасылардың әрбір баласына берілетін жәрдемақыны 21 мың теңгеге дейін өсіруді, көп балалы немесе толық емес отбасыларға тұрғын үй қорын жаңғырту шаралары үкіметке ұсынылды. Бұның барлығы «Бақытты отбасы» жобасы аясында іске асырылады.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында ел дамуының алтын бесігі болған ауылдар қарқынды дамиды деп күтілуде. Сонымен қатар, бұл жобаға үш жылда 90 миллиард теңге бөлу жоспарланған. Жоба 1 500 перспективалық ауылды қамтиды. «Олардың тізбесі жасалды. Ауылдың болашағы бар ма, жоқ па, халықтың тығыздығына, орналасқан жеріне, даму әлеуетіне және тағы басқа көрсеткіштерге қарай айқындалады» – деп Елбасы съезд жұмысында мәлімдегені белгілі. Ал, ауыл мен кенттердегі инженерлік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған «Құтты мекен» партиялық жобасы 7,5 млн ауыл тұрғынының жағдайын жақсартуды көздейді.



Жоғарыда айтылған партиялық жобалардан тыс партияның басқа да бағдарламалары жүзеге асуда. Өнеркәсіптік әлеуеті бар біздің өңір үшін бес институционалдық реформаның қабылдануы және олардың бірі тау-кен байыту кәсіпорындарын дамытуға бағытталғандығы жезқазғандықтар үшін үлкен перспективалар ашты деп атап өтті Мұрат Ерболатұлы.

Баяндаманы талқылауға екі адам жазылған екен. Оның бірі – №2 бас корпустың конвейер машинисі Гүлбану Нұрмағанбетова. Ол – дүниеге 8 бала әкелген алтын құрсақты ана. Дегенмен, «Алтын алқа» иегері өндірістен де қол үзген емес. Наурыз айында «Қазақмыс» корпорациясы көпбалалы анаға 4 бөлмелі пәтерді сыйға берген екен. Сонымен қатар, Гүлбану Жұмабекқызы мемлекет тарапынан көпбалалы аналарға жалдамалы пәтер 2-3 пайыз үстемемен несиеге берілетінін, ол үшін 50 млрд теңге жыл сайын «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкіне» бөлініп отыратынын атап өтті.

Келесі болып фабриканың бастауыш партия ұйымы төрағасының орынбасары, флотатор Лиза Башанова өз ойын білдірді. Ол өз кезегінде партияның бастамасымен жүзеге асатын әлеуметтік маңызы бар жобалар тек ел игілігі үшін жасалып жатқан сындарлы саясаттың жемісі деп атап өтті.

Күн тәртібіндегі келесі мәселе партия филиалының кезектен тыс өтетін конференциясына делегаттарды сайлау болды. Олардың қатарында №1,2,3 байыту фабрикасының директоры Мұрат Бөрібаев, №2 Сәтбаев байыту фабрикасының басшысы Сұлтанбек Серікбаев, фабриканың бастауыш партия ұйымы төрағасының орынбасары Лиза Башанова, саяси кеңес филиалының мүшесі Жасұлан Дүйсеков, №2 бас корпустың конвейер машинисті Гүлбану Нұрмағанбетова бар.

Жиын соңында Бауыржан Қабденұлы «Nur Otan» партиясының кезекті XVIII съезінде №1,2,3 байыту фабрикасының директоры Мұрат Бөрібаев сөз сөйлеп, Елбасымен сұхбаттасқаны бүкіл Жезқазған үшін мәртебе екенін атап өтіп, ризашылығын білдірді.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

# МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ОРТАҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРАДЫ

**2017 жылдың 1 шілдесінен еліміз бойынша күшіне енген міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру талаптарын кеңінен түсіндіру мақсатында ұжымдарда кездесулер ұйымдастырылуда. Ақпараттық-насихат тобының мүшесі, қалалық емхананың дәрігері Мөлдір Әлібек бұл жолы Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің ұстаздар қауымымен жолығып, міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандырудың тиімді тұстарын түсіндірді.**




– Міндетті әлеуметтік меди-циналық сақтандыруды әрбір сақтандырылған тұлғаға оның жынысына, жасына, әлеуметтік мәртебесіне, тұрғылықты орнына және табысына қарамастан, қорда жинақталған қаражат есебінен медициналық және дәрі-дәрмек көмегін алуға қолжетімділікті қамтамасыз етеді. Мемлекет қор үшін жарнаны 2018 жылдың қаңтар айынан бастап аудара бастады. Оның көлемі – 2016 жылдағы орташа айлық жалақының 3,75 пайызы. Жұмыс істеп жүрген азаматтар 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап, айлығының 1 пайызын қорға құяды, бұл көлем 2020 жылы 2 пайызға ұлғаяды. Осылайша, 2022 жылға қарай жұмысшы мен жұмыс берушінің қорға аударатын жарнасы айлық табысының 5 пайызын құрамақ, – деген ақ халатты мемлекеттік міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің негізгі міндеті әр азаматтың өз денсаулығына деген жауапкершілігін арттыра түсуде екенін алға тартты.

Дамыған шет елдерде халықтың денсаулығына үш жүйе жауап береді. Оның біріншісі – мемлекет. Әр ел өз азаматтарының денсаулығын сақтандыруға кепілдік береді. Екіншісі – жұмыс беруші. Олар өндіріс орындарында еңбеккерлеріне қолайлы жағдай жасап, денсаулығына, қауіпсіздігіне жауап беруге мүдделі. Керек кезінде төлемақы да өндіріп беруге тиіс. Үшіншісі – азаматтардың өздері. Кез келген адам денсаулығына ұқыптылықпен қарап, дер кезінде дәрігерге қаралып, ауруды асқындырмау жолдарын қарастыруы тиіс. Міне, осы үш топ күш біріктіргенде ғана денсаулық саласын алға ілгерілетуге мүмкіндік туады. Сондықтан, еліміз дамыған елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, медицина саласына осындай жаңашылдықты енгізген болатын. Бүгінде әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына жарна төлеуден азаматтардың 15 категориясы босатылады. Балалар, көп балалы аналар, ҰОС қатысушылары, мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен зейнеткерлер, жұмыссыз ретінде тіркелгендер үшін жарна аударуды мемлекет өз мойнына алған.

Қазіргі таңда отандық медицина ға қатысты көп сын айтылып жүр. Оның ішінде емханалардағы ұзын-сонар кезектер, мамандардың жетіспеушілігі, дәрігерлердің кәсіби деңгейі мен олардың науқастарға деген қарым-қатынасы жиі сыналады. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бұл мәселелерді түбегейлі шешуге жол ашады. Жаңа жүйе бойынша емделуші азаматтар өз қалауы бойынша емхананы да, дәрігерді де таңдай алады. Бұл әрине, көрсетілетін қызмет сапаның деңгейін арттыруға түрткі болады. Осылайша, дәрігер мен емдеу мекемелерінің арасында бәсекелестік туады. Бәсекелестік болған жерде өрлеу болары да анық.

Міндетті әлеуметтік меди-циналық сақтандыру жайында егжей-тегжейлі түсіндірген Мөлдір Әлібек өзін-өзі жұмыспен қамты-ғандар да қорға жарна аударуға асықса, өз денсаулығына қамқорлық жасаған боларын тілге тиек етті. Сонымен қатар, ұстаздарды толғандырған қордағы қаражаттың мақсатсыз пайдаланудан қорғалуы, емханаларға тіркелу тәртібі мен шетелдерде ем қабылдау мүмкіндіктері сынды сұрақтарға жауап берді.

**Бота ШАЛҚАР**

МЫСТЫ ШАҺАР МӘДЕНИЕТІ

**Кезінде тума талант Жақсыкелді Сейілов негізін салған «Қаракөз», жаңа ашылған облыстың бетке ұстарына айналған «Ұлытау» ансамбльдерімен елімізге кеңінен танылған Жезқазған өңірі ән-күйге де, дарынды өнерпаздарға да кенде емес. Өнерде өзіндік қолтаңбасы мен айшықты жолы қалыптасқан өңір. Бүгінде қаланың мәдениет саласына ҚР Мәдениет қайраткері, Мәдениет және спорт қызметкерлері кәсіподағының «Құрмет белгісі» төсбелгісінің иегері Салтанат Сүлейменқызы Нұрлыбаева басшылық жасап отыр. Ол 1981 жылы Шымкент мәдениет институтын бітіріп келіп, еңбек жолын жас маман ретінде Жезқазған облыстық мәдениет басқармасында бастаған еді. Содан бері табан аудармай осы салада еңбек етіп, мол тәжірибе жинақтады. Кейінгі 11 жылдан бері мәдениет бөлімінің басшысы ретінде абыройлы қызмет атқарып келеді. Біз Жезқазғанның 65 жылдығы қарсаңында қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Салтанат НҰРЛЫБАЕВАМЕН арнайы әңгімелесіп, мерекелі жылдың мерейлі істері жөнінде ой бөліскен едік.**



# ӨНЕРІ ӨРКЕН ЖАЙҒАН ӨҢІР

– Жезқазған – өнері өркен жайған, өзіндік ерекшеліктерімен ел-жұртқа танылған өңір екенін білесіздер. Талай тарландардың ізі қалып, өнері елдің игілігіне айналған жер. Біз ұлттық құндылықтарымыздың отын үрлей отырып, Тәуелсіз еліміздің ұландарының рухын көтеру жолында еңбек етудеміз. Отыз жылдай үзбей ел ішіндегі таланттардың тұсауын кесіп, ұлттық және мәдени салт-дәстүрлерімізді жаңғырту бағытындағы істерді қамтып, жалғастырып келе жатқан «Ұлытау үні» фестивалі, С.Қожамқұлов театрының тарлан актерларының қойылымдарымен тандандырып, «Театр меккесі» атануы біздің іс-шараларымызды шырайландырып, шоқтығымызды көтере түскені даусыз. Алдағы уақытта да біз осындай игі дәстүрлердің ізін жоғалтып алмай, оларды одан әрі жалғастырып, өнердің өрісін кеңейтіп дамыта түсуді мақсат тұтудамыз, – деп бастады әңгімесін Салтанат Сүлейменқызы.

**– Биылғы жылдың бедерлі белгілері аз емес. Елбасының Жарлығымен 2019 жыл «Жастар жылы» болып жарияланды, қаламыздың 65 жылдығы аталып өткелі отыр, өнер көгінде асқақтап көрініп, сыршыл әндерімен халқымыздың жүрегінде ыстық ықыласпен сақталған дарынды композитор Жақсыкелді Сейіловтің туғанына 70 жыл толуы сияқты айшықты оқиғалар баршылық. Осы орайда жұртшылықты қандай мәдени іс-шаралармен қуанта аласыздар?**

– Қаламыздың 65 жылдығына байланысты көптеген маңызды іс-шаралар жоспарланды. Оның біразын ойдағыдай өткізіп те жатырмыз. Жастар жылы мен қала мерейтойына арналған іс-шаралар үстіміздегі жылдың қаңтар айында Халықтар достығы мен мәдениеті үйіндегі салтанаттан бастау алған болатын. Старт-концерт өткізілді. Дәстүрлі «Ұлытау үні» фестивалі ақпан айында 29-шы рет жалауын көтерді, «Жыр арқауы – Жезқазған» аталатын жас ақындардың мүшәйрасы мәреге жетті, Наурыз мейрамы аясында ұлттық байқаулар ұйымдастырылды. Жезқазған туралы энциклопедиялық анықтамалық шығару қолға алынды. Арнайы 65 жылдыққа арналған 150 дана мерекелік медаль шығарылады. Қаражаты шешіліп, Өскемендегі Теңге сарайымен келісім жасалды. «Ардагерлер ән салады» атты облыстық фестиваль 3 мамырда біздің қаламызда өткелі отыр. Биыл 29-шы рет өтетін бұл шараның эстафетасын өткен жылы біз қабылдап алған болатынбыз. Оған облыстың барлық өңірлерінен 600 адамды құрайтын 27 өнер ұжымы қатысады деп күтілуде. Негізінен ардагерлердің хор ұжымдарының өнерін қамтитын бұл фестиваль қазақтың батыр қыраны, жерлесіміз Нүркен Әбдіровтің 100 жылдығына арналады. Сол сияқты, «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық қоры ұлы жырау-күйшінің мұрасын жаңғырту жөнінде бастама көтерген еді. Біз оған қолдау білдіріп, ауқымды шара жоспарлап отырмыз. «Ақсақ құлан» атты Кетбұқа би атындағы I халықаралық күйшілер сайысы өтетін болады. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында опера және балет театры солистерінің қатысуымен классикалық музыка кешін өткізу ойластырылуда. Оған қазір «Астана опера» театрымен келісім жүргізудеміз.

**– Қаламыздың мәдениеті мен өнеріне кезінде лайықты үлестерін қосқан тұлғалардың біразы бүгінде арамызда жоқ. Мерейтой жылында осындай айтулы жандарды еске алу шаралары қарастырылған ба?**

– Иә, бұл тұрғыда жоспарланған істер баршылық. «Жезқазғанның сөнбес жұлдыздары» атты шара аясында «Қала күніне» дейін мәдениетіміздің дамуында айқын қолтаңбалары қалған Апбаз Қаражігітов, Сайлаухан Нәкенов және басқаларды еске алуға арналған кештер ұйымдастырылады. Жақсыкелді Сейілов әндерін орындаушылардың «Өнер өлкесінің Жезкиігі» республикалық конкурсын өткіземіз. Бұл жөнінде Мәдениет және спорт министрлігінің келісімін алдық, жақында байқау шарттары жарияланады. Бұл дүбірлі ән байқауы қаланың 65 жылдығымен қатар Жақаңның туғанына 70 жыл толуына арналады. Қазан айының басында өтуге тиіс.

Сонымен қатар, осында еңбек еткен немесе өнердегі алғашқы қадамын біздің өңірде бастап, қазірде үлкен сахналардан көрініп жүрген өнер жұлдыздарын шақырып концерттерін ұйымдастыру жоспарланған. «Өнер айдынында» деп аталатын бұл жоба бойынша Қарақат Әбілдина мен Қыдырәлі Болманов, Ахмедия Есмұқанов, Нұржан Керменбаев сынды біраз өнерпаздар шақырылмақшы. «Жұлдыздар Жезқазғанда» деген Қазақстан эстрада жұлдыздарының бір тобының концертін көпшілікке ұсыну бұған дейін басталған-тын, оны әрі қарай жалғастыру көзделуде. «Астана – Еуразия жүрегі», «Жезқазған – менің жүрегімнің астанасы» аталатын мерекелік кеш-концертті Кеңгір су қоймасы жағалауында өткізсек пе деп отырмыз.

Жалпы қала мерейтойының ең ауқымды шарасы қыркүйектің басындағы қала күнімен орайлас болады. Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде қала жұртшылығының және қонақтардың қатысуымен салтанатты шара өткізіледі. Мерекелік медаль тапсыру, марапаттау осы салтанатты шара кезінде болады. Келесі күні Кеңгір жағалауындағы «Ротондада» үлкен концерттік бағдарламасы ұсынылады. Кеш лазерлік-думанға ұласады. Одан кейін де қала мерейтойына арналған шаралар жалғаса береді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қараша-желтоқсан айларында Ұлытау-Жезқазған аймағы ақындарының қатысуымен қорытынды поэзия кеші ұйымдастырылмақшы. Қаламыздың 65 жылдығына арналған «Жаңа өлеңмен жүздесу» жобасы осы шараға орай қорытындыланады.



**– Салтанат Сүлейменқызы, жаңа концерттік кештердің су қоймасы жағалауындағы «Ротондада» өтетінін айттыңыз. Өткен жылы «Сарыарқа» газеті осы «Ротондаға» байланысты мәселе көтеріп, көпшіліктің талқысына салған кезде іштерінде өнер адамдары да бар, бірталай оқырмандарымыз пікірлерін білдірген болатын. Әңгіменің түйінінде Халықаралық фестиваль өткізген бұл жерді «Жезкиік» концерт алаңы» деп атауға тоқталған еді. Осы ұсынысқа байланысты сіздер бірдеңе ойластырып көрдіңіздер ме?**

– Иә, газет мақалаларын көргенбіз. Бірақ, әзірше жағалаудағы концерт алаңына нақты бір атау беру туралы ойластырған жоқпыз.

**– Қала тойы аясындағы негізгі іс-шараларыңызға біршама қаныктық. Енді мәдени мекемелердің қазіргі жай-күйі, материалдық базалары туралы да айта кетсеңіз?**

– Қалалық мәдениет бөліміне қарайтын 19 мәдениет ошағы бар, олардан бөлек 3 мекеме облысқа қарайды. Олар – С.Қожамқұлов атындағы музыкалық-драма театры, Т.Қалмағамбетов атындағы филар-мония және қалалық тарихи-археологиялық музей. Бұлардың жағдайлары жақсы, атқарып жатқан жұмыстарын жұртшылық жақсы біледі ғой деп ойлаймын. Ал, бөлімге қарасты мекемелердің материалдық базаларын нығайтып, жұмыс аясын дамытып отыруға біз ұдайы көңіл бөлудеміз. Мәселен, қаладағы мәдени-көпшілік шаралардың орталығына айналған Халықтар достығы мен мәдениеті үйіне күрделі жөндеу жасалғанын білесіздер. Сахнасы кеңейтіліп, көрермен жұртшылыққа қолайлы жағдай жасалған. Биыл осы ғимараттың ішінен «Асыл қазына» ұзақ өмір сүру орталығын ашпақпыз. Орны белгіленді, енді оған жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Орталықта егде адамдар мәдени демалып, спорт түрлерімен айналысатын болады. Компьютерлік сауаттылыққа және латын әліпбиін үйрету жүзеге асырылмақ. С.Сейфуллин атындағы кітапхананың шатырын жөндеуге 21,2 млн. теңге қаржы қарастырылуда. Кітапханада электронды оқу жүйесі іске қосылады. Сондай-ақ, бұл жерде коворкинг орталығы ашылады. Жастардың емін-еркін отырып жұмыс жасауына барлық жағдай жасалады. Білім қазынасы саналатын орталықтандырылған кітапханалар жүйесі ойдағыдай жұмыс істеуде. Тарихи-археологиялық музей көптеген рухани-мәдени шараларға ұйтқы болуда. Өткен жылы музейде республикалық конференция ұйымдастырылған еді. Биыл «Ұлы Даланың жеті қыры» бойынша мұнда халықаралық конференция өткізілмекші.

Өткен 2018 жылдан бастап ауыл мәдениетін дамытуға арналған бес жылдық бағдарлама қабылданған болатын. Былтыр 7,3 млн. теңге қаржыға Талап ауылының клубы жөнделді. Биыл Малшыбай ауылында клуб ашылды, штаттық кестелері бекітілді. Енді 18 млн. теңге қаржы бөлініп, Малшыбайдың клубына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілмекші. Тиісті жиһаздармен қамтамасыз етіледі. Келесі жылы Теректі ауылының клубы жөнделеді. Қазірде тиісті қаржы бөліну үшін сметалық құжаттары дайындалуда. Көпшіліктің есінде болар, осыдан бірнеше жыл бұрын ауыл тұрғындары мәдени ошақтың жоқтығына қынжылыс білдіретін. Біртіндеп осы проблемалар ойдағыдай шешімін тапты.

Жоғарыда атап өткендей, Жезқазған топырағы – кешегі Тайжанның, Болманның, Иман-жанның іздері мен өнерлерінің табы қалған қасиетті жер. Одан берідегі өнерпаздарымыз бен ақын-жазушыларымыз да бір шоғыр. Міне, сол айтулы тұлғалардың ізгі дәстүрі жалғаса береді, өнердің өрісі ешуақытта тарылмайды.

**– Әңгімеңізге рахмет, өнер өркен жайып, мәдени жұмыстарыңыздың аясы кеңейе берсін дейміз!**

**Амандық РАХҰЛЫ**

*Суреттерді түсірген*

**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

ТАҒЗЫМ

# АКАДЕМИК ТАҒЫЛЫМЫ

## халықаралық ғылыми конференцияға арқау болды

**Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, аты әлемге мәшһүр геолог-ғалым Қаныш Сәтбаевтың туғанына 120 жыл толуына орай Жезқазғанда халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырылды.**




Ғылыми жиын академиктің ескерткішіне гүл қою рәсімінен басталды. Жезқазған және Сәтбаев қалаларының бірінші басшылары, еңбек ардагерлері, қаланың Құрметті азаматтары ғалымға құрмет көрсетті. С.Қожамқұлов атындағы театрда болған «Академик Қ.И.Сәтбаевтың ғылым және Қазақстанның өндіруші күшінің дамуы мен өркендеуіне қосқан үлесі» атты конференцияға республиканың түпкір-түпкірінен және Ресейден келген ғылыми қызметкерлер қатысты. Ғылыми конференцияға геологтың еңбектерінен тұратын көрме ұйымдастырылды. Көпшілік алдымен сол көрмені тамашалап, жиынның пленарлық отырысына қатысты.

«Jastar Bolashaq» жастар одағының төрағасы Сабыржан Тембаев модератор болған жиында алғаш болып қала әкімінің орынбасары Аманғали Мұхамбедин сөз алды. Ол Қаныш Имантайұлының Жезқазған қаласына сіңірген еңбегі зор екенін атап өтті. Сондай-ақ, конференция жұмысына сәттілік тілей отыра «Қаныш ағаның жаққан жұлдызы мәңгілік жарқырай берсін» деген тілегін білдірді. «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС әкімшілік басқарушысы Марат Қосыбаев та өзінің ақжарма тілегін білдіріп, конференцияға сәттілік тіледі.

«Жезқазған даласының байлығын дәлелдеу үшін көптеген қиындықтарды жеңдік. Жезқазғанды көздің қарашығындай сақтаңыздар. Біздің байлығымыз ұланғайыр болғанымен, шексіз емес», – деп қолымызда бар байлықты қадірлеуді аманат еткен ұлы академик Қаныш Сәтбаевтың есімін ұлықтау, оның еңбектерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізу бүгінгі жастардың міндеті. Үлкен Жезқазғанды ашу үшін талай қиындықты бастап кешіп, тәуекелге барған Қаныштың есімі әрдайым «Жезқазған» сөзімен қатар жүрмек.

Конференцияға арнайы шақырылған ғалымның жиені Күлтай Баязитова Қаныш ағаның туған өлкесі Баянауыл жұртшылығының ыстық сәлемін жеткізді. Сонымен қатар, Қаныш Имантайұлының 1959 жылы соңғы рет түскен фотосуретін Қ.Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік мұражайдың басшысы Кенжалы Балкеновке тарту етті.

Әлкей Марғұланның қызы, медицина ғылымдарының кандидаты Данель Марғұлан өз естеліктерімен бөлісті. Ол академикпен көрші тұрғанын, Қаныш атаның өте қарапайым жан болғанын айтты. Сондай-ақ, академик Әлкей Марғұланның ғылым жолына, археология саласына келуіне бірден бір себепкер болғанын атап өтті.

Халықаралық конференцияда оқылған баяндамалардың барлығы Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен еңбектеріне арналды. Бұл ізденістер алдағы уақытта арнайы жинаққа еніп, басылып шығады.

Айта кету керек, көршілес жатқан академиктің есімі берілген кеншілер қаласында геологка арналған өлкетану музейінің ғылыми концепциясы әзірленеді. Ресейдің мұрағаттары, қара шаңырақ Қарсақбай, Жезқазған, Сәтбаев қалаларынан арнайы құжаттар іздестіріліп, бір кітапқа жинақталмақ.

Игі шара соңында конференциясының қаулысы қабылданып, алыстан ат терлетіп келген Күлтай Баязитова мен Данель Марғұланға Қаныш Сәтбаевтың 120 жылдығына арнайы дайындалған мерейлік медальдар табыс етілді.

Шара соңы «Дастархан» мейрамханасында дайындалған дастархан басында жалғасты. Қала қонақтары мен ардагерлеріне арнайы қонақасы берілді.

**Арайлым ЕРҚОҢЫРОВА**

# ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫ ҰЛЫҚТАДЫ

**Қазақтың даңқты геологы, Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының негізін қалаушы Қаныш Имантайұлының туғанына 120 жыл толуына орайластырылған шаралар еліміздің әр түпкірінде өтті. Сары даланың төсінен Қазақстанның мыс алыбы саналатын Жезқазғанның бой көтеруі – Қаныштың зор еңбегі. Сондықтан, жезқазғандықтар жыл басынан ұлы тұлғаның өмір және еңбек жолын насихаттап, ғалымның рухына бас июде. Қаныш Сәтбаев алаңында өткен митинг тағлымы мол шаралар легін түйіндеді.**



ҚР Әнұранымен шымылдығы түрілген салтанатты шара С.Қожамқұлов атындағы қазақ музыкалық-драма театрының әртістері сахналаған «Ақиқатқа айналған арман» атты қойылыммен жалғасты. Қойылымға Қаныш Сәтбаев пен серіктесі қарт геологтың арасындағы Үлкен Жезқазған құрылысын салу идеясы арқау болады.

Алғашқы құттықтау сөзін алған Жезқазған қаласы әкімінің міндетін атқарушы Аманғали Мұхамбедин:

– Қазақ геологиясының негізін қалаушы, қоғам және мемлекет қайраткері Қаныш Сәтбаев саналы ғұмырын халқына адал қызмет етуге арнады. Оның ашқан аса маңызды жаңалықтарының бірі – үлкен Жезқазған бүгін әлемге әйгілі Қазақстанның мыс алыбына айналды. Баға жетпес ғылыми мұра қалдырған ұлы тұлға, патриот Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен ерен еңбегі біз үшін үлгі, – дей келе, ұлт мақтанышына айналған академиктің есімі мәңгі екенін жеткізді.

Қаныш есімі мен Жезқазған қаласы – егіз ұғым. Осы аймақта Қаныш аға қолтаңбасы қалып, маңдайының тері сіңген. Сондықтан, мысты өлкеде оның жұлдызын жаққан Қаныш Сәтбаевқа ерекше құрмет ретінде көше, алаң мен мектептің аты берілген-ді. Осыдан қырық жыл бұрын академиктің есімін арқалаған №7 мектеп-лицейдің оқушылары жылдағы дәстүр бойынша митингіде: «Мақтан еткен бар қазақтың баласы, Қаныш еді алты алаштың данасы», – деп Қаныш ағаның ұлылығын жырға қосты.

Келесі сөз кезегін алған «Қазақмыс» корпорациясы байыту өндірістік кешенінің бас директоры Марғұлан Сәдуақасов кенді аймақтың игеріліп, қалаға айналуына үлес қосқан Қаныш Имантайұлының ерен еңбегін тілге тиек етсе, Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің тау-кен технология кафедрасының IV курс студенті, Президенттік стипендия иегері Данияр Арын бүгінгінің жастары Қаныш ағаны пір тұтып, оның ғылыми жолын жалғауды мақсат тұтатындарын айтты.

Митинг қатысушылары қазақтың маңдайына біткен дара перзентіне деген зор құрметтің белгісі ретінде оның ескерткішіне гүлшоқтарын қойды.

**Диана ОРАЗАЛИНА**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

**Қоғам тарапынан кең қолдауға ие болған Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласына биыл екі жыл толып отыр. Бағдарлама бағытының бірі «100 жаңа оқулық» жобасы ғылыми аударма ісін дамытуға серпін беріп, білім мен ғылымға ізденістің мазмұнын да жаңғырта түсті. Осыған байланысты Ұлттық аударма бюросының атқарған жұмыстар нәтижесі туралы философия докторы (PhD), Ұлттық аударма бюросының бас редакторы Мұхтар Сеңгірбайдың ҚазАқпарат агенттігіне берген сұхбатын назарларыңызға ұсынамыз.**



# САНА ЕРКІНДІГІНІҢ БАСТЫ САТЫСЫ

**– Ауқымды жобаның жүзеге асып жатқанына 2 жыл толды. Осы уақыт аралығында 48 кітап жарыққа шыққанын білеміз. Бұған тағы қандай жетістіктерді қосар едіңіз?**

– Шыққан кітаптар әлеуметтану, философия, психология, антропология, филология, экономика, менеджмент, маркетинг, педагогика, журналистика, семиосфера, халықаралық құқық, ұйымдық психология, шығыстану ілімдері, әдебиеттану, тарих, дінтану сияқты алуан түрлі саланы қамтиды.

Әрине, 48 кітап деп ауызбен айту оңай, бірақ мұның артында қаншама қажырлы еңбек, күш-жігер тұрғанын көзбен көріп, араласқан кісі ғана біледі. Әр оқулық ғылымның белгілі бір саласындағы сүбелі еңбек болғандықтан, оны аудару – сол ғылымның негізі терминдерін, ұғым-түсініктерін қамтитын аса жауапты жұмыс. Сондықтан, әр оқулыққа кемінде төрт-бес маман, соның ішінде сол саланың ғалымдары, тіл мамандары, әдеби редакторлар, корректорлар мен дизайнерлер жұмылдырылды. Және бұл жұмысты кейде қашықтан жүзеге асыруға тура келді. Себебі мәтінмен жұмыс істеп жатқан ғалымдар әр өңірде тұрады, тіпті ғалымдар мен аудармашылардың арасында АҚШ, Ұлыбритания, Франция сияқты шетелдерде тұрып жатқан мамандар да бар.

Кітаптар 10 мың дана таралыммен шығарылып, Қазақстанның барлық аймақтарындағы 112 оқу орнына таратылды. Біздің ұсынысымызбен әріптес университеттер осы кітаптарды оқу бағдарламаларына енгізді. Қазір оқу орындарынан, жалпы оқырманнан, студенттерден түрлі пікірлер, ұсыныстар келіп жатыр. Көпшілігі елімізде алғаш рет осындай мемлекеттік бағдарлама аясында қазақ тілін шынайы ғылым тіліне айналдыру ісі жүйелі түрде қолға алынғанына ризашылығын білдіруде.

Жетістік демекші, жұмыс тек кітап шығарумен шектелген жоқ. Біз осы оқулықтардың негізінде openu.kz платформасында қазақ және орыс тілдерінде видеолекциялар әзірлеп, оларды сайтқа тегін қойып жатырмыз. Осы пәндерден дәріс оқитын кез келген маман бұл лекцияларды сабаққа еркін қолдана алады. Бұл тек тіл тұрғысынан ғана емес, білім беру тұрғысынан да пайдалы деп санаймыз. Себебі, тіпті іргелі деген оқу орындарында студенттерді пәнге қызықтыру, сабақты түрлі формада беру, материал табу мәселелері бар. Бұл жоба осы мәселелерді шешуге аз да болса үлесін қосып жатыр деген үміттеміз.

Бұған қоса, openu.kz сайтында кітаптардың электрондық нұсқалары қоса берілген. Яғни, кітапқа қолы жетпеген кез келген оқырман оны сайттан ашып, оқи алады. Ал оқытушы басқа ресурсқа жүгінбей-ақ осы сайттағы лекцияға сілтеме жасап, кітап беттерінен тапсырма бере алады. Бұл университет оқытушыларының жұмысын біршама жеңілдетті деп ойлаймыз. Оның үстіне, біз мемлекеттік жоба аясында шектелмей, басқа да әріптестер мен демеушілер арқылы жобаның форматы мен ауқымын кеңейтуге, сол арқылы оқырманды ілім-білімге қызықтырып тартуға ден қойып жатырмыз. «Nur Otan» партиясының қолдауымен, «Қазақ радиоларының» ұйытқы болуымен кей оқулықтардың аудионұсқаларын жасауға кірістік. Оларды Нұрлан Өнербаев, Зейін Әліпбек, Қымбат Досжан сынды елімізге белгілі жүргізуші, дикторлар оқып жатыр.

Кітаптардың аясын тек мемлекет бекіткен тізіммен шектемей, оның сыртында серіктестердің көмегімен және өз күшімізбен ғылыми-көпшілік кітаптарды шығаруға ынта танытып отырмыз. Мәселен, Алматы қалалық әкімдігінің қолдауымен биыл Юваль Ной Харaридің «Sapience: Адамзаттың қысқаша тарихы» және Стивен Ковидің «Жасампаз жандардың 7 дағдысы» бестселлерін жарыққа шығардық.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев алғашқы кітаптардың былтырғы тұсаукесерінде осы оқулықтарды шығару барысында жинақталған терминдерді бір ізге түсіріп, сөздіктер жасауға тапсырма берген. Осы мақсатта сөздік шығару тәжірибесі аса мол Оксфорд университетінің баспасымен бірлескен жұмысқа кірістік. Атап айтсақ, Оксфорд белгісімен үлкен қазақ-ағылшын, ағылшын-қазақ сөздігі, сондай-ақ, қоғамдық ғылымдардың түсіндірме сөздігі, экономикалық түсіндірме сөздік және қазақ тілінің кірме сөздер сөздіктерін дайындау қолға алынды.

**– Ауқымды жобаның бас редакторы ретінде кітап сапасына жауаптысыз. Әлгі 48 кітапқа қатысты сын болды ма? Оқырмандар қалай қабылдады?**

– Жарық көрген кітаптарға байланысты әртүрлі пікір бар. Әрі мұндай болуы заңды да. Біз барлық пікірге құлақ асуға, кем-кетіктің орнын толтырып, жұмысты желтілдіріп отыруға күш салып жатырмыз. Конструктивті кеңес беріп жүрген көзіқарақты оқырманға көп алғыс.

Көбіне еститініміз – жақсы пікір. Әсіресе университеттерге барып, жастармен, студенттермен кездескенде олардың оң пікірін естиміз. Университеттегі негізгі пәндер бойынша қазақ тілінде жөні түзу оқулық таба алмай жүрген, тіпті ондай оқулық бар деп те ойламаған студенттер алғыс білдіріп жатады.

Қарсы пікірлер де жоқ дей алмаймыз. Қалың оқырманнан, ғалымдардан, тіпті Парламент депутаттарынан ұсыныстар айтылды. Ол пікірлер көбіне кітаптың тілі мен стиліне қатысты болып отыр. Оқулықтардың дені белгілі бір ғылым саласына қатысты болғандықтан, сол саланың мамандарымен, белді де беделді ғалымдармен бірлесе жұмыс істейміз.

**– Ондай сын-пікірлерді тарқатып айтасыз ба?**

Ұсыныстарды үш бөлікке бөліп қарасақ болады. Біріншісі – терминдерге қатысты. Көп терминдер алғаш рет жасалып жатыр десек қателеспеймін, өйткені бұрыннан бар терминдердің өзінде дұрыс аударылмаған, орыс тілінің калькасы болып кеткен сөздер көп. Әр ғалымның әртүрлі алып жүрген терминдері де жетеді. Сондықтан, бір ғалым екіншісі ұсынған терминді жоққа шығарады. Шығарып отырған жауапты мекеме біз болғандықтан, осының бәрі «Ұлттық аударма бюросына» келіп тіреледі. Біз терминге қатысты бұл келіспеушіліктердің болуы да ғылыми тілдің қалыптасып, орнығуындағы заңды процесс санаймыз.

Екіншіден, оқулықтардың тілі ауыр деген сөз жиі айтылады. Мұны көбіне кітаптарға ғылыми-көпшілік әдебиет деп қарайтын қарапайым оқырман айтады. Оқулықтар бір салаға бағытталғандықтан, оның бұл тақырыптан хабары жоқ кісіге түсініксіз болып көрінуі заңды да болар. Бірақ, шығып жатқан кітаптар арасында жалпы қоғам, дін, тарих, тіл тақырыптарына қызығатындар оқи алатын кітаптар да бар. Сол кітаптарды оқырмандар көп сұрайды әрі көп пікір де соларға қатысты айтылады. Олардың арасында Карен Армстронгтың «Иудаизм, христиандық пен исламдағы 4 мың жылдық ізденіс», Дерек Джонстонның «Философияның қысқаша тарихы», Реми Хесстің «Философияның таңдаулы 25 кітабы» бар.

Үшіншіден, кітаптардың қазақшасын ширата түсу керек деген пікір де бар. Сондықтан да әсіресе тіл мен стильге көп күш салып жатырмыз. Осы мақсатта Әдебиет және өнер институтымен, Тіл білімі институтымен, университеттердегі филология, аударматану кафедраларымен үнемі бірлесе жұмыс істеуге мүдделіміз. «Ұлттық аударма бюросында» белгілі тіл мамандары, ғалымдар, журналистер, жазушылар қызмет істейді. Сырттай қатысып, көмектесіп жатқан мамандар да көп. Мұнда да көп мәселе қазақ ғылыми тілінің ұзақ жыл бойы орыс тіліне байланғанына барып тіреледі. Көпшілігіміз мәтінді орысша ойлап, орысша иірімдермен, сол тілдің заңдылығымен жазуға дағдыланғанбыз. Сондықтан, түпнұсқадан ауытқымай, таза жатық тілмен жазуды алдыңғы орынға қоямыз.

**– Аударма барысында қандай мәселелер туындады?**

– Мәселелердің бір парасын жоғарыда атап өттік. Оның барлығы тіл мен ділге барып тіреледі. Тілдің жайы түсінікті. Ал діл мәселесіне келсек, «Рухани жаңғыру: қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасының басты мақсатының өзі – сананы жаңғырту, әлемнің озық ойлы әдебиеттерін қазақ оқырманына сол қалпында, мұртын бұзбай жеткізу. Ал ғылымның басты қағидасы – пікір алуандығы, плюрализм. Оқулықтар саяси, идеологиялық, дүниетанымдық тұрғыда бейтарап болғанымен, онда түрлі көзқарастар айтылады, олар сарапқа салынып талданады. Біз автор көзқарасын құрметтеп, олардың мазмұнын өзгертпей беруді басты қағида санаймыз.

Сосын кітаптың мазмұнымен келіспеген азаматтар бүкіл жобаға қатысты асығыс пікір айтып қалады. Ондай пікірдегі кісілерді үнемі ашық диалогқа, конструктивті түрде бірге жұмыс істеуге шақырамыз.

**– Өзіңіз айтқандай, әсіресе бізде әлі күнге де бірізділікке түспей тұрған термин саласына Ұлттық аударма бюросы қаншалықты үлес қосты?**

– Осы күнге дейін бізде аударылған кітаптардың негізінде ғалымдар мен редакторлар 8 мыңға жуық сөздің глоссариін жасады. Бұл – өте ауқымды шаруа. Оның үстіне, олардың біршамасы жаңадан енгізіліп тұрғандықтан, біздің кітаптардағы терминдер де бекітілуі тиіс соңғы нұсқа деуге хақымыз жоқ. Термин жасау – бірнеше сатыдан тұратын күрделі процесс. Ғалымдар ұғымды дәл әрі нақты етіп аударғаннан кейін ол ғылыми ортада, қоғамда, баспасөзде апробациядан және іріктеуден өтуі керек. Ол үшін бұл ұғымдар ғылыми ортада көп қолданылып, айналымға түсуі керек. Сол процестерден кейін қолданушылар лайықты терминдерді өздері іріктеп шығарады.

Ал біз өз функциямыз – қолдан келгенше осындай термин жасау процесін жеделдетуге, бір ортаға ұйымдастыруға үлес қосу деп санаймыз. Мақсаттарымыз сай келетін көзіқарақты, жанашыр оқырманды, ғалымдарды, ғылыми институттарды алда да бірлесе жұмыс істеуге шақырамыз.

Осы ретте айта кетейін, аудармада жасанды интеллект элементтері бар ұлттық негіздегі Smartcat деп аталатын жүйені пайдаланып келеміз. Оның жақсы жері – аудармашылар анағұрлым жиі қолданатын терминдерді екшеп алып береді және соның көмегімен глоссарий қалыптастыру мүмкіндігі бар. Енді бәрі ойдағыдай жүріп жатыр деп айта алмаймыз. Өйткені, осының бәрін дұрыс жүйелеуге адами ресурстарымыз жетпей жатады.

**– Қазақ тілінде баламасы жоқ сөздер кездесті ме? Қандай терминдер «пайда болды»? Оны оқығандар қалай қабылдады?**

– Қазақ тілі түгіл басқа тілдерде баламасы аз, орыстар мен түріктер әртүрлі аударып жүрген терминдер жетерлік. Сондықтан, «қазақ тіліне ғылым тілі болу қайда?» деп отыра беруге негіз жоқ. Терминдердің көпварианттылығы да қалыпты құбылыс. Дегенмен, әркім өз терминін ұсынып, студенттерді шатастырмаудың да жайын ойлау керек. Сондықтан біз жауапкершілігімізді жақсы сезінеміз.

Мәселен, жақында шығып жатқан «Әдебиет теориясы», «Маркетинг», «Қазіргі бизнес-коммуникация», «Халықаралық құқық» сияқты кітаптарда жаңа терминдер ондап, жүздеп кездеседі. Әдетте жаңа терминдерді түпнұсқа тілдегі нұсқасымен қатар беруге тырысамыз. Термин орныққанша солай істеген дұрыс. Салалық ғылымдар түгіл жалпы ғылыми зерттеу әдістерінің ең қарапайым терминдері де дұрыс орнықпаған. Сондықтан, қазір ғылыми, көпшілік аудармамен айналысып жүрген мамандарға үлкен жауапкершілік жүктеледі.

**– Бұл кітаптардың халыққа нақты қажеттілігі сезіле ме? Сұраныс бар ма? Немесе осы әлемдік деңгейдегі оқулықты аударып, халыққа ұсынып отырып, қазақтың білімге құштарлығы қандай деңгейде екенін көре аласыз ба?**

– Елбасының «Рухани жаңғыру» мақаласында сананың еркіндігі мәселесі ерекше аталады. Бұл бағдарлама – сол идеяны жүзеге асыру мақсатында, алыс болашақты көздеп жүзеге асырылып жатқан шара деп түсінемін. Түпкі мақсаты – кітап сатып, пайда табу болмағандықтан, мұның қайтарымы да бірден сезілмеуі мүмкін. Дегенмен, бұл ең алдымен «ғылымның бұл саласында да қазақша кітап болады» деген түсінікті бекітіп, тілге деген сенімді оятады, бұл – сана еркіндігінің басты сатысы. Біздің студент кезімізде салалық ғылымдар тұрмақ, құқық, журналистика, мәдениеттану, әлеуметтану ғылымдарының өзінде қазақша сапалы оқулық аз болатын. Сондықтан орыс тіліндегі, көбіне Ресейде шыққан әдебиеттен білім алуға мәжбүр болдық. Мәселен, Гомбрихтың «Өнер тарихы», Эдуард Саидтың «Ориентализмі» қазақша шығады деп ойламайтын да едік. Енді біз әлемнің кез келген тіліндегі идеологиялық мүдделермен шырмалмаған әдебиетті тікелей өз тілімізге аудара аламыз.

Кейде «неге аударма жасай береміз, неге кітаптарды өзіміз жазбаймыз?» деген де пікір айтылады. Аударма – кемдіктің белгісі емес. Ғылыми аударма – идеялар мен ойларды, білім мен инновацияны интеграциялайтын заңды әрі қажет құбылыс. Ағылшындар да, немістер де, орыстар да қажет деген кітаптарды өздеріне аударып алады. Сол арқылы ғылым да, өркениет те дамиды. Бұл бағдарлама Қазақстандағы жалпы ғылыми пікірталасты дамытып, санасы еркін жаңа буынды қалыптастыруға аз да болса үлес қосады деп үміттенеміз.

Халықтың білімге деген құштарлығы ерекше. Күн сайын оқырмандардан, әсіресе жастардан хат-хабар аламыз. Олар аударма жұмыстарының ұлғайғанын, түрлі ғылыми-көпшілік кітаптардың көптеп қазақшаланғанын қалайды. Сосын соңғы кездері қазақ тіліндегі кітап бизнесі дамып келе жатқаны қуантады. «Рухани жаңғыру» аясында бұл салаға да серпін берсек, қазақтардың аудармамен көбірек айналысып, үзіліп қалған аударма мектебін қайта жалғауға қолдан келгенше үлес қоссақ деген үміт бар.

**– Аударма жасау процесіне де тоқталсаңыз? Жұмысты қалай үйлестірдіңіздер?**

– Аударма жұмысы мемлекеттік бағдарлама аясында, Білім және ғылым министрлігінің тапсырыс беруімен және қадағалауымен жүзеге асады. Алдымен оқу орындары, ғылыми институттар және қарапайым азаматтар айтқан ұсыныстар бойынша аударуға болатын оқулықтар тізімін әзірлеп, оны Білім және ғылым министрлігіне жібереміз. Онда арнайы комиссия оқу орындарының талаптілектерін, жалпы сұранысты, ғалымдардың пікірін ескере отырып, тізімді бекітіп, «Ұлттық аударма бюросына» тапсырыс береді. Біз әр кітапты аударудың графигін әзірлеп, тиісті мамандармен келісім-шарт жасасып, штаттағы қызметкерлерден жауапты шығарушыны тағайындап, іске кірісеміз. Ғылыми және әдеби редакторлармен бірнеше ай бойы бірлесе жұмыс істей отырып, кітапты аударып, беттеуге ұсынамыз. Беттеліп біткен кітаптарды тағы бірнеше қайтара оқып шығамыз. Мұның сыртында кітап авторларымен, ондағы суреттердің, мультимедиа материалдардың авторлық құқық иелерімен, баспалармен жұмыс тағы бар. Кітаптардың барлығы дерлік Қазақстанда басылады. Тек бір кітап – Гомбрихтың «Өнер тарихы» Гонконгта шығып жатыр, себебі кітаптың құқық иеленушісінің оны тек сол жердегі баспада басу туралы бәріне ортақ талабы бар.

Кітаптарды таңдау барысында олардың мазмұнының идеологиялық, саяси тұрғыда бейтараптығы, әлемнің үздік оқу орындарының оқу бағдарламаларына кіргені, бірнеше рет басылып шыққаны ескеріледі. Оның үстіне, кітаптың міндетті түрде ағылшын тілінде, АҚШ-та не Ұлыбританияда шығуы шарт емес. Қазір ағылшын, орыс, француз тілдеріндегі кітаптар аударылып жатыр.

**– Жақында тағы 30 кітаптың тұсаукесерін жасайтын жоспарларыңыз бар екен. Бұлардың ерекшелігіне тоқталсаңыз?**

– Иә, Алматыда, ҚазҰУ-дың Ғылыми кітапханасында аударылған кітаптардың екінші легінің тұсаукесері болады. Бұл 30 кітапты аудару жұмыстары былтыр басталған. Олардың арасында Этнони Кеннидің «Қазіргі заман философиясы», М.Райанның «Әдебиет теориясына кіріспе», М.Райан мен Дж.Ривкиннің «Әдебиет теориясының антологиясы», Данн мен Митчеллдің «Panorama: Дүниежүзі тарихы», Ф.Котлердің «Маркетинг принциптері», сондай-ақ, өнер тарихы, бизнес-коммункация, халықаралық құқық, педагогика, дипломатия, тіл және өнер тарихы, журналистика, стратегиялық менеджмент, адам ресурстарын басқару, интернет психологиясы, филология салалаларының оқулықтары бар.

Бұл кітаптардың аудармасы бітіп, баспадан шығып жатса, қазір жаңа 30 кітаптың аудармасына және сөздіктерді құрастыруға кірісіп кеттік. Кей кітаптар бойынша аударма жұмысы бел ортасына жетіп қалды. Алда шығатын 30 кітапта өнертану, соның ішінде кино, театр және музыкаға көп көңіл бөлдік. Кинотану өнеріне қатысты ағылшын, орыс және француз тілдерінен алты кітап аударылып жатыр. Бұған қоса музыка тарихы, театртану, этика, эстетика, психология, зияткерлік құқық, келісімшарт құқығы, арбитраж және медиация, тележурналистика, халықаралық қатынастар, саяси философия, тарих, антропология, этнология салалары бойынша кітаптар бар. Мұның сыртында Крейг Калхунның «Қоғамдық ғылымдар сөздігі», «Экономикалық сөздік» және Оксофорд ағылшын-қазақ, қазақ-ағылшын сөздігі, кірме сөздер сөздігі дайындалып жатыр.

**– Қазаққа керегі 100 кітап қана емес шығар? Оқыған жұрт тарапынан «мынау бізге керек», «мынандай кітап аударылса» деген тілектер болды ма? Ондай тілек, ұсынысқа қалай қарайсыздар?**

– Ұсыныс өте көп. Қарапайым халықты былай қойғанда, ғалымдардың әрқайсысы өз саласындағы оқулықтар мен монографияларды ұсынады. Біз жоғарыдағы талаптарға сай келетін, жиі ұсынылған кітаптардың тізімін министрлікке жібереміз. Кейде ғалымдар жазып жүрген оқулыққа қатысы бар тақырыптарда аударма жобасы ұсынылады. Сол ғалымдар өз жұмысын жиып қойып, аудармаға үлес қосады.

Әрине, біздің мүмкіндігіміз шектеулі, сондықтан бұл салада басқа да ұйымдар құрылып, энтузиасттар көбейсе, оқу орындары, ғылыми ұйымдар, кітап баспалары, авторлар ауызбірлікте жұмыс істеп, сан мен сапаны қатар арттырса, ғылыми қазақ тілі дами түсетіні сөзсіз.

**– Сұхбатыңызға рақмет!**

*Дереккөз: ҚазАқпарат*

## ЖОБА

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ЖЕКЕЛЕНГЕН САНАТТАҒЫ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІНДЕ (ТАКСИДЕН БАСҚА) ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖОЛ ЖҮРУІ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне, Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 21 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы көлік туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Жезқазған қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жезқазған қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жеңілдік құқығын растайтын құжаты болған кезде, қоғамдық жолаушылар көлігінде (таксиден басқа) тегін жол жүру келесі санаттағы Жезқазған қаласының азаматтары үшін белгіленсін:

1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және мәртебесі 1995 жылғы 28 сәуірдегі Қазақстан Республикасы «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 6, 8-баптарымен белгіленген соларға теңестірілген адамдарға;

2) бірінші және екінші санаттағы мүгедектерге;

3) зейнетақының ең төменгі мөлшерін алатын зейнеткерлерге;

4) «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградталған немесе бұрын «Батыр-Ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көпбалалы аналарға;

5) бірге тұратын кәмелетке толмаған төрт және одан көп балалары бар, оның ішінде кәмелеттік жасқа толғаннан кейін оқу орындарын бітіргенін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы аналарға;

6) бала жасынан мүгедек балаларды тәрбиелейтін аналарға;

7) үйлеріне барып әлеуметтік көмек көрсету бөлімшелерінің қызметкерлеріне.

2. «Жезқазған қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бірлескен қаулы мен шешімнен туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Қаржыландыру көзі ретінде қалалық бюджет белгіленсін.

4. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Жезқазған қаласы азаматтарының жекелеген санаттарының қала ішіндегі қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы» бірлескен Жезқазған қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 3 қазандағы № 28/36 қаулысы және Жезқазған қалалық мәслихатының 2016 жылғы 13 қазандағы № 5/57 шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4021 тіркелген, 2016 жылғы 11 қарашадағы № 46 (148) «Жезказганский вестник», 2016 жылғы 11 қарашадағы № 46 (8006) «Сарыарқа» газеттерінде, 2016 жылғы 21 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде, 2016 жылғы 23 қарашада «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған);

2) «Жезқазған қаласы азаматтарының жекелеген санаттарының қала ішіндегі қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүруі туралы» бірлескен Жезқазған қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 3 қазандағы № 28/36 қаулысы және Жезқазған қалалық мәслихатының 2016 жылғы 13 қазандағы № 5/57 шешіміне өзгеріс енгізу туралы» бірлескен Жезқазған қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 21 тамыздағы № 18/04 қаулысы және Жезқазған қалалық мәслихатының 2017 жылғы 15 тамыздағы № 12/128 шешімі (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4350 тіркелген, 2017 жылғы 28 қыркүйектегі № 46 (148) «Жезказганский вестник», 2017 жылғы 22 қыркүйектегі № 46 (8006) «Сарыарқа» газеттерінде, 2017 жылғы 22 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған).

5. Осы бірлескен Жезқазған қаласы әкімдігінің қаулысы және Жезқазған қалалық мәслихатының шешімі алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілді.

**Жезқазған қаласының әкімі**
**К. БЕГІМОВ**
**Сессия төрағасы**
**С. ФИЛИПОВИЧ**
**Қалалық мәслихат хатшысы**
**С. МЕДЕБАЕВ**

## СОТ ЖҮЙЕСІ

**Медиация – белгілі бір механизм емес. Ол дауларды шешудің баламалы, әрі ең қолайлы тәсілі ретінде танылады. Медиатор дауласушы жақтарға ортақ шешімге келудің жолын көрсетеді, ал медиатор шешім қабылдауға араласпайтын бейтарап жақ танылады. Медиацияның ең басты ерекшеліктеріне еріктілік, рәсімнің құпиялылығы, қысқа мерзімде келісімге келу, келіссөздер жүргізу арқылы ортақ мызғымас шешім қабылдау, медиация тараптарының тең құқылығы жатады.**

# ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ МЕДИАЦИЯ

Қылмыстық және азаматтық сот ісін жүргізуге медиация институтының негізінде делдал енгізу жақтардың татуласу институтының құқықтық дамуына жаңа қарқын береді. Жалпы медиация институтын сот төрелігін іске асыру жұмысына енгізу соттың дауласушы екі жақты татуластыруға ниет білдіруін шеттетеді. Елімізде жақтарды медиатордың көмегімен татуластыру институтын енгізу талапкер, жауапкер, айыпталушы мен жәбірленуші тараптарға қылмыстық сот ісін жүргізу қағидаттарын сақтаудың қосымша кепілін береді.

Медиация көп елдерде қолданылғанымен ол ұлттық қылмыстық сот ісін жүргізу жүйесімен ерекшеленеді. Шетелдік тәжірибелер қылмыстық процесте медиацияны қолдану қарапайымдылығы және икемділігімен тиімді екенін көрсетті. Бірқатар елдерде медиация рәсімі міндетті болып келеді. Мысалы, Италия республикасының «Азаматтық және сауда істеріндегі медиация туралы» заңнамалы дектерінде медиация міндетті түрде жүргізілетін рәсімдердің бірі болып саналады. Ұқсас тәжірибе салыққа қатысты дауларды сотқа дейін шешудің міндетті тәртібі көзделген Германия, Ұлыбритания, АҚШ, Австралия, Канада, Словения, Европа елдерінде бар. Грузия елінің азаматтық процестік кодексіне «Соттық медиация» арнайы тарауы 2011 жылы енгізілді. Ол елде медиация тәртібімен қаралатын арыздар дауласушы жақтардың келісімі мен медиаторға жолданылуы мүмкін. Ол туралы сот ұйғарым шығарады және ол шағымдануға жатпайды. Дауды қарау үшін медиаторға жолданғаннан кейін іс жүргізу уақытша тоқтатылып, бір шешім қабылданғаннан кейін істі қарау жалғастырылады.

Ал, біздің елде Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» заңы 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданды. Азаматтық-құқықтық қатынас шеңберінде даулы мәселелердің мазмұнына қарай медиацияның қолданылуы жиі кездеседі. Заң шеңберінде жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады.

Соңғы жылдары қылмыстық-процестік құқық саралаunion, заман талабына сай азаматтық процестік, қылмыстық процестік және өзге де заңдарға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қылмыстық істер бойынша медиацияны қолдануды қылмыстық заңнамамен реттеу мәселесіне келсек, қылмыстық құқықтағы медиация медиаторлар мен қолданылатын арнайы әдістер жиынтығын реттейді.

Қылмыстық кодекстің 68-бапта татуласуға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату бөлігі бекітілді. Қылмыстық кодекстің 68-бабына сай онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасаған адам келтірілген зиянды қалпына келтіріп, жәбірленушімен татуласса қылмыстық жауаптылықтан босатуға жатады. Заң аясында медиацияны қолданудың ережелері адам өлімімен, сыбайлас жемқорлық, террористік, экстремистік қылмыстар жасаған адамдарға қолданылмайды.

Сот міндетіне тек заңмен бекітілген 68-бап талаптарын түсіндіру кіреді, сот ешкімді мәжбүрлеп, жүктемейді. Ал, медиатор сот төрелігін іске асырумен байланысты емес, бейтарап тұлға ретінде сотталушы мен жәбірленушінің татуласуына жағдай жасайды. Екі жақ медиативті келісім құруға өз еркімен келіскен жағдайда сотталушы жәбірленушімен татуласуына байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату туралы сот төрелігін іске асырады. Сондай-ақ, қылмыстық процестік кодекстің 85-бабымен медиатор процессуалды тұлғаның өкілеттігі бекітілді.

Қоғам аясында туындайтын құқықтық қатынастарды реттеуге бағытталған қолданыстағы заң шеңберінде медиация институтының қылмыстық сот ісін жүргізу процесінде айтарлықтай белсенділік танытпайтындығын баса айтқан жөн. Оны қоғамның медиация институтының тиімділігі және медиацияны қолдану тәртібі жайлы ақпараттан жеткіліксіз түрде хабардар екендігімен байланыстыруға болады. Бұл бағытта қылмыстық істерді қарайтын соттар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қоғам назарына сот жүйесіндегі соңғы реформалар туралы ақпараттарды ұсынып отырады.

Медиацияны толық қолдану сот қызметінің жұмысын оңтайландырып, жұмыс жүктемесін анағұрлым азайтуға қолайлы мүмкіндік туғызады. Медиация рәсімін енгізу мен қолдану сайып келгенде қоғамдық қарым-қатынастың мәдениетін арттырады.

Медиация институтын азаматтық сот ісін жүргізумен қатар, қылмыстық істерді қарау барысында қолдану Қазақстанда медиацияның дамуына, әрі бірегей құқық қолдану практикасын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

**Жанна ИСАБАЕВА,**
**Жезқазған қалалық сотының судьясы**

## МАМАН КЕҢЕСІ

# БАЛАНЫ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАРДАН ҚОРҒАУ

Қазақстан Республикасындағы екпе егудің Ұлттық күнтізбесіне 11 жұқпаға қарсы 9 жоспарлы егу кіреді: вирусты гепатит «В», туберкулез, күл ауруы, көкжөтел, сіреспе, полиомиелит, қызылша, қызамық, эпидемиологиялық паротит, пневмококтық жұқпа және гемофильдік жұқпа. Аурушаңдық деңгейінің күрт өсуі мен өлім-жітім жағдайларын болдырмау мақсатында тұрғындарға эпидемиялық көрсеткіштер бойынша да екпе егіледі: құтыру, бруцеллез, «А» вирусты гепатит, кене энцефалиті, лептоспироз, күйдіргі, туляремия және тағы басқалар.

Қазақстан екпе егу барлық тұрғындарға тегін және қолжетімді болып табылатын аз мемлекеттердің қатарында тұр. Жыл сайын біздің елімізде тұрғындарды екпе егумен қамту бойынша жоғары көрсеткіштерге қол жеткізіліп, ол 95% және одан жоғары көрсеткішті құрайды. Екпе егудің жоғары деңгейін қамту ұжымдық иммунитетті қалыптастырады, яғни екпе егу тек қана адамның өз денсаулығы ғана емес, қоғамның денсаулығына да әсер етеді (ауырған адам жұқпаның көзі болып табылады және басқа адамдарға да қауіпті болуы мүмкін).

Жыл сайын иммундық биологиялық препараттарды өндіру, жетілдірілу үстінде, жылдан жылға өндірілген вакциналарды балалар жеңіл көтереді, ал жаңа вакциналар өзінің иммунологиялық қорғау қасиеттерін сақтап қалуда. Екпе егудегі тағы бір тың серпіліс – «біріктірілген вакциналардың» пайда болуы, бір ғана екпемен сәбилерді 5-6 жұқпадан бірден қорғауға мүмкіндік бар, олар «екпе егуден кейінгі жағымсыз жағдайлардың» туындауын төмендетеді,ол сондай-ақ, ата-аналардың вакцинаға деген оң көзқарасын қалыптастырады.

Көптеген ата-аналар балаларына «вакцина салдыру керек пе, әлде оның қажеті жоқ па?» деген күрделі таңдауды бастарынан өткізеді. Бір жағынан баланы жұқпалы аурулардан қорғау ниеті болса, екіншіден бұқаралық ақпарат құралдарында және интернет желісіндегі негізсіз, жаңсақ пікірлерден кейін туындаған – екпе егуден кейін болатын өтпелі жағымсыз әсерлерден қорқу. Соған қарамастан әр ата-ана өздері бала кезінде жұқпаларға қарсы вакцина алған, қазіргі таңда соның арқасында олар көптеген жұқпалы аурулардан қорғалған. Екпе алу немесе алмау әркімнің өз шешімі, бірақ екпеден бас тарту кезінде жақсылап ойланып және жұқпалы ауруларды жұқтыру және аурудың асқыну қауіпін бағалау керек.

Интернет желісіндегі кездейсоқ, екпе егуге қатысы жоқ сауатсыз күмәнді ақпараттарға сенбей, кәсіптік санаты жоғары медициналық мамандардың кеңестерін басшылыққа ала отырып, соңғы шешім қабылдау керек.

Дамыған елдердегі көптеген адамдар екпе егудің тиімді жоспары бойынша екпе егу арқылы алдын алуға болатын жұқпалы аурулардың жойқын әсерлерін өздерінде сезінген жоқ, Аурушаңдық деңгейінің төмендеуіне байланысты кейбір адамдар ауруға қарағанда екпе егу кауіпті деп ойлайды, бірақ, бұл ең үлкен жаңсақ ойлардың бірі болып табылады.

Қазақстанда егудің жүргізілмеуіне байланысты өткен жылдары күл ауруымен көптеген адамдар ауырды, республикада 1995 жылы 1105 адам ауырды,оның 66-ы өлім жағдайында тіркелді.

Есте сақтау керек, тұрғындарды екпе егумен толық көлемде қамтымау жылдар бойы тұрғындар арасында жұқпаға сезімтал адамдардың көбеюіне әкеліп соқтырады, соның салдарынан жұқпалы аурулар бойынша аурушаңдық деңгейінің күрт өсуі туындайды.

Екпелер – медицина ғылымының сөзсіз жетістігі, соның арқасында көптеген адамдардың өмірін құтқаруға болады. Медицинаның жаһандық даму кезінде кейбір ауруларға ем табылмаған, оларға қарсы вакцина ойлап табылған.

Қазақстанда иммунопрофилактика мемлекеттік-саяси деңгейде, өйткені халықтың эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз етуге қабілетті және балалардың жұқпалы аурушаңдығын төмендетудің ең тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады, бұл көп жылдық тәжірибемен дәлелденген.

Екпе алу – ол әркімнің өмірге және денсаулыққа құқығы! Әркім саналы таңдау жасайды!

**Ж.БӨРІБЕКОВА,**
**«Көшімбаева» ЖШС дәрігері**

# ҰЛТТЫҚ ӨНЕР – ҰЛЫЛЫҒЫМЫЗДЫҢ БЕЛГІСІ

**Қазақ елінің келешегінің кемел болуы Мағжан Жұмабаев атамыз айтып кеткендей «Көздерінде оты бар, жүрегінде жалыны бар» жастардың қолында. 2019 жылдың «Жастар жылы» деп жариялануы да осы сөздің дәлелі болары хақ. Бұл елге тұтқа болатын өскелең ұрпақтың оқуы мен тәрбиесіне, өмірге тезірек араласуына, қоғамдық ортаның айқындаушы күшіне айналуына септігін тигізбек. Жастар жылы – тарихта алтын әріппен жазыларлық ұлы істердің орындалар жылы деп ойлаймын.**

Жастар жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің филология және әлем тілдері факультеті «Екі шетел тілі» мамандығының 1-курс білімгерлері үшін ерекше жағымды жаңалықтармен, жаңаны танумен, ізденумен басталды. Жан-жақты ақпарат жинай отырып, біз т.ғ.к., профессор Ф.Қозыбақованың ғылыми жетекшілігімен «Ұлттық өнер ұлылығымыздың белгісі» атты ғылыми онлайн-конференция өткізілді. Конференцияға 3 түрлі мемлекеттің азаматтары атсалысты. Соның ішінде Қытайдағы «Ши Ан», Кореядағы «Чоннам» және Үндістандағы «Дели» университеттерін ерекше атап өтуге болады.

Жастар жылының бізге тигізер мол пайдасын айқындағандай, шараға дайындалу барысында ізденушілер тобы болып ҚР Ұлттық кітапханасына, ҚР мемлекеттік орталық музейіне және Ұлттық архив қорына бардық. Конференция 5 критерий бойынша өткізіліп (видео, реферат, сызба, карта, презентация) әр критерий бойынша халқымыздың салт-дәстүрі жайында толық мәлімет беріліп, шет елдің азаматтарына жоғарғы дәрежеде таныстырылды. Ғылыми іс-шараға тарих және археология, филология және әлем тілдері факультетінің ұстаздары қатысып, өз лебіздерін білдірді. Конференция әсем домбыра үніне қойылған бимен ашылып, шара соңын бақылап отырған шет елдік азаматтардың пікірлерімен қорытындыладық.

Бұл шара көптеген игі, тәрбиелі шаралардың бастамасы болып табылады. Жастар жылында өзімізге берілген мол мүмкіндіктерді кеңінен пайдалану арқылы әлі көптеген ғылыми, шығармашылық ізденістеріміз жалғасын табатынына сеніміміз мол.

**Аружан НҰРБОЛ,**
**т.ғ.к., профессор Ф.Қозыбақованың**
**жетекшілігімен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті**

## ӘДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ ХАБАРЛАЙДЫ

# «КОНТРАФАКТ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯСЫ

Қарағанды облысының әділет департаменті Сіздердің назарларыңызға: «Зияткерлік меншікті қорғау» Дүниежүзілік экономикалық форумының жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексінің индикаторын жақсарту мақсатында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі халықты кеңінен қамту және зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды қорғау мәселелеріне құқық иеленушілерді тарту үшін 2019 жылдың 6-17 мамыры аралығында Республикалық «Контрафакт» акциясын өткізуді жоспарлап отыр.

Жоғарыда аталған акция шеңберінде:

1) 2019 жылдың 10 сәуір мен 3 мамыр аралығында республикалық конкурстың «Ең үздік қысқа бейнеролик (vine) «Контрафактке жол бермеу» жастар арасында 16-дан 29 жасқа дейін;

2) 2019 жылдың 10 сәуір мен 3 мамыр аралығында 14-16 жас аралығындағы балалар арасында «Зияткерлік меншік және мемлекет-2050» атты үздік эссеге республикалық конкурс;

Толық ақпаратты, конкурс ережелері туралы мәліметті Қарағанды облысы әділет департаментінің сайтынан http://www.krg.adilet.gov.kz және (**7212) 420534, 426561, 87019599669** нөмірлері арқылы алуға болады.

Конкурсқа қатысушылар өз жұмысын ***ar.abikeev@adilet.gov.kz*** электронды поштасына жіберулері керек.

# «ЖАҢА ӨЛЕҢМЕН ЖҮЗДЕСУ»

«Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту» ММ-нің әлеуметтік тапсырысы аясында «Шындық» қоғамдық бірлестігі «Жаңа өлеңмен жүздесу» жобасын жүзеге асыру басталғанын хабарлайды. Аталмыш жоба жаңа өлеңдердің жазылуына ықпал етуді және бұрын белгісіз болып келген талантты ақындардың есімдерін анықтауды басты мақсат санайды.

Жобаға ұсынылатын өлеңдердің негізгі тақырыбы Жезқазған қаласының 65 жылдық және ақын Сәкен Сейфуллиннің 125 жылдық, әнші, ақын, композитор Тайжан Қалмағамбетұлының 140 жылдық мерейтойларын қамтуға ұмтылғаны дұрыс. Әрине, тақырыпқа шектеу қойылмайды.

Жоба қорытындысы 2019 жылдың желтоқсан айының соңына таман шығарылады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге тиісті марапаттамалар беріледі.

Жобаға келіп түскен өлеңдер арнайы жинаққа топтастырылады.

Жобаға қатысуға тілек білдірушілер өз шығармаларын **abdolla61@mail.ru** электронды поштасына жіберулерін, жоба шарттарымен **8777 3024679** телефоны арқылы бірлестік төрағасы Абдолла Дастановқа хабарласып білулеріне болады.

# «ҮЗДІК МАҚАЛАЛАР САЙЫСЫ»

***Қымбатты оқырмандар!***

«Шындық» қоғамдық бірлестігі Сіздерді «Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту» ММ-нің әлеуметтік тапсырысымен қарастырылған Үштілділікті дамытуға арналған «ҮЗДІК МАҚАЛАЛАР САЙЫСЫ» байқауына белсенді атсалысуға шақырады. Басты мақсаты – Үштілділіктің бәсекелеске қабылетті ұлт тәрбиелеудің құралы екендігін көпшілікке кеңінен түсіндіру, насихаттау болып табылатын байқауға қатысушыларға ешқандай шек қойылмайды. Аталған тақырып төңірегіндегі ой-пікірлеріңізді, ұсыныстарыңызды ортаға салыңыздар! Жақсы тәжірибелеріңіз болса, көпшілікпен бөлісе біліңіздер.

Мақалалар газет беттерінде «Үштілділік – кемелділік бастауы» айдарымен жарияланатын болады. Қазақ немесе орыс тіліндегі материалыңызды **abdolla61@mail.ru** электронды поштасына жолдаңыздар немесе **87773024679** телефонына хабарласыңыздар.

Байқау 2019 жылдың желтоқсан айының соңына таман қорытындыланып, қатысушылар мен жүлдегерлер салтанатты жағдайда марапатталатын болады. Жарияланған мақалалар жинаққа топтастырылады.

# ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША САЙЛАУ УЧАСКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

***(Соңы. Басы 5-бетте)***

Амангелді көшесі № 6, 10,12, 14, 16, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 29, 36, 38, 50, 56, 57, 71, 72, 73, 74, 76, 78, 80, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 97, 98, 102, 104 үйлері;

Әуезов көшесі № 27 үйі;

Уәлиханов көшесі № 1, 3, 4, 4а, 6, 6а, 8, 9, 11, 13, 15, 16, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 25а, 30, 33, 34, 38, 39, 40, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 65, 67 үйлері;

Жамбыл көшесі № 1, 6, 9, 12, 13, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 28а, 29, 30а, 31, 31а, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 49, 56, 57, 61, 63, 65, 66, 67, 68, 69, 71, 72, 73, 74, 75, 77, 78, 79, 80, 82, 84, 85, 86, 86а, 88, 90, 92 үйлері;

Жүсіпов көшесі № 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 13, 17, 23, 27, 31, 35, 39, 41, 42, 45, 55 үйлері;

Исаев көшесі № 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 16, 26, 28, 39, 44, 53, 57, 59, 67, 69, 139, 149 үйлері;

Қазақбаев көшесі № 5, 5а, 18, 21а, 62 үйлері;

Қазанбаев көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 5а, 6, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 28, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 40, 41, 43, 45, 46, 47, 48, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 60, 61, 62, 67, 71, 103 үйлері;

Марғұлан көшесі № 9, 11, 13, 15, 17, 19, 21, 23, 25, 26, 27, 28, 29, 31, 33, 35, 37, 39, 41, 42, 45, 47, 48, 49, 51, 53, 55, 57, 58, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 98а, 99, 100, 101, 102а, 103, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 113, 117 үйлері;

Металлург көшесі № 3, 17, 19, 21, 25, 26, 30, 32, 33, 34, 35а, 36, 38, 38а, 39, 40, 40а, 41, 42, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 52а, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 64, 65, 66, 67, 68, 70, 72, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103 үйлері;

Молодежная көшесі № 14, 16, 19, 20, 21, 24, 26, 28, 30, 35, 36, 37, 45 үйлері;

Нұрпейісова көшесі № 1, 2, 3, 4, 6, 7, 8/1, 9, 10а, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 21, 22а, 23, 24, 27, 29б, 31, 36, 36а, 38, 41, 43, 47, 49, 52, 53, 54, 55, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84 үйлері;

Сейфуллин (91,92,93) көшесі № 16, 37, 52 үйлері;

Түсіпбеков көшесі № 2, 4, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 26, 28, 30, 32, 34, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 52, 54, 56, 58, 60, 62, 64, 65, 66, 68, 70 үйлері.

***№225 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазған қаласы орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны, Иманжан көшесі, 11-үй.*

**Шекаралары:** «Жезқазған медициналық орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тұрғын үй ғимараттары;

Казақстан тұйық көшесі № 4, 6, 8, 10, 12, 20 үйлері;

Алашахан көшесі № 34, 34а, 34б, 34в үйлері;

Белинский көшесі, № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 26, 28, 34, 44, 46, 84 үйлері;

Ер Шоштан көшесі № 23, 32, 35, 37, 44, 54, 62, 63, 69, 97, 125 үйлері;

Иманжан көшесі № 1, 2, 3, 5, 7, 9, 11, 12, 13, 13а, 13а/12, 13а/16, 13а/17, 13а/2, 13а/4, 13а/5, 13а/6, 13а/7, 13а/8, 14, 15, 16, 17, 18а/8, 21, 23, 25, 27, 31, 34, 35, 36а үйлері;

Иманжанов көшесі № 7, 25, 35 үйлері;

Кетбұға би көшесі № 25, 27, 31, 33, 37, 41, 51, 75, 81, 91 үйлері;

Марғұлан көшесі № 1, 3, 5, 7 үйлері;

Тілеулі батыр көшесі № 5, 10, 33, 42, 50, 58, 60, 73, 79, 85, 90 үйлері.

***№226 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазған қаласы білім бөлімі №21 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Ғарышкерлер бульвары, 52-үй.*

**Шекаралары:**

Ғарышкерлер бульвары № 50, 50а, 54, 56 үйлері;

Алашахан даңғылы № 35, 37, 39, 41, 41/2, 43 үйлері;

Байқоңыров көшесі № 106, 110, 112, 114, 116, 118, 120, 123, 123/1, 123а, 125, 131, 133 үйлері;

Сейфуллин көшесі № 53, 57, 59, 61, 63,65, 67 үйлері.

***№227 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазған қаласы білім бөлімі №4 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алашахан даңғылы, 15-үй.*

**Шекаралары:** Ғарышкерлер бульвары № 12, 16, 18, 24, 26, 28, 34, 38, 40 үйлері;

Момышұлы көшесі № 7, 11, 13, 16, 17, 18, 19, 21, 22, 24, 25, 27 үйлері;

Сейфуллин көшесі № 48, 50, 52, 54 үйлері.

***№228 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазған қаласы білім бөлімі №4 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Алашахан даңғылы, 15-үй.*

**Шекаралары:**

Алашахан даңғылы № 16, 17, 18, 19, 20, 20а, 21, 22а, 22б, 22в, 23, 24, 24б, 25, 25а, 26, 27, 28, 32, 33 үйлері;

Анарқұлов көшесі № 1, 3 үйлері;

Сейфуллин көшесі 69 үйі.

***№229 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазған қаласы білім бөлімі №1 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Момышұлы көшесі, 12-үй.*

**Шекаралары:**

Ғарышкерлер бульвары № 6, 8, 10 үйлері;

Алашахан даңғылы № 2, 3, 4, 5, 7, 9, 11, 13 үйлері;

Бейбітшілік даңғылы № 23, 37, 43 үйлері;

Момышұлы көшесі № 1 (Бейбітшілік көшесінің бұрышы 29), 3, 4 ,6, 8 үйлері.

***№230 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазған қаласы білім бөлімі №8 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Анарқұлов көшесі, 19-үй.*

**Шекаралары:**

Анарқұлов көшесі № 5, 7, 9, 13, 15, 17 үйлері;

Жеңіс көшесі № 1, 3, 5, 7, 9, 11, 13, 15, 17, 19, 21, 23 үйлері.

***№231 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазған қаласы білім бөлімі №8 гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Анарқұлов көшесі, 19-үй.*

**Шекаралары:**

Алашахан даңғылы № 10, 14 үйлері;

Анарқұлов көшесі № 4, 6, 8,12б, 14, 14а, 14б, 16 үйлері;

Деев көшесі № 7, 9, 9а, 9б, 11, 11б, 13, 15, 17, 19 үйлері.

***№232 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті» акционерлік қоғамы, гуманитарлық-педагогикалық институтының корпусы, Анарқұлов көшесі, 12-үй.*

**Шекаралары:**

Алашахан даңғылы № 6 үйі;

Деев көшесі № 1, 3, 5 үйлері;

Бейбітшілік даңғылы № 45, 47, 49, 51, 51а, 53, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69 үйлері;

Анарқұлов көшесі №2 үйі.

***№233 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Халықтар достығы мен мәдениеті үйі» коммуналдық мемлекеттік қазынашылық кәсіпорны, Алаш алаңы, 3-үй.*

**Шекаралары:**

Бейбітшілік даңғылы № 28, 30 үйлері;

Есенберлин көшесі № 2, 2/1, 2/2, 3, 4, 5, 5/1, 5/2, 6, 7, 7/2, 7а, 9, 9а, 11, 15, 17, 19, 21 үйлері;

Жәлел көшесі № 2, 4, 4а үйлері.

***№234 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазған қаласы білім бөлімі №3 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жәлел көшесі, 10-үй.*

**Шекаралары:**

Есенберлин көшесі № 47, 49, 51, 53, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 67а, 69 үйлері;

Жәлел көшесі № 1, 3, 5, 7, 9, 11 үйлері.

***№235 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазған қаласы білім бөлімі Қаныш Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Жәлел көшесі, 12-үй.*

**Шекаралары:**

Есенберлин көшесі № 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35, 35а, 37, 39, 41, 43, 45 үйлері;

Жәлел көшесі № 14, 15, 16, 17, 19, 23, 25 үйлері.

***№236 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазғангеология» акционерлік қоғамы, Геологический кенті.*

**Шекаралары:**

Тихий тұйық көшесі № 1, 3, 5, 7 үйлері;

Аномальная көшесі № 1, 2, 3, 3а, 5, 6, 7, 8, 10 үйлері;

Геологический көшесі № 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13, 15, 17 үйлері;

Геофизический көшесі № 1, 3, 5, 7 үйлері;

Губкин көшесі № 1, 2, 3, 3а, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12 үйлері;

Искателей көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8 үйлері;

Орбитальная көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12 үйлері;

Первооткрывателей көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21 үйлері;

Поисковая көшесі № 1, 2, 3, 4, 4а, 5, 7, 8, 10, 14, 16, 18 үйлері;

Ферсман көшесі № 1, 2, 3, 5, 7, 8, 9, 11 үйлері;

Энтузиастов көшесі № 1, 3, 4, 6, 7, 8, 9а, 11 үйлері.

***№237 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазған қаласы білім бөлімі Кеңгір ауылының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Кеңгір ауылы, Школьная көшесі, 2-үй.*

**Шекаралары:** Корғанбай ауылы № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8а, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 21, 22, 24, 26, 28, 30, 33 үйлері;

Әуезов көшесі № 2, 3, 6, 8, 8а, 10, 12, 14, 16, 18, 27, 46 үйлері;

Бейбітшілік көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 12а, 13, 14, 14а, 15, 16, 16а, 17, 18, 18а, 19, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 43 үйлері;

Молодежная көшесі № 1, 3, 5, 6, 7, 9, 11, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 37б, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45, 46, 47, 49 үйлері;

Пушкин көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 42, 44 үйлері;

Сәтбаев көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 16а, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 40а, 41, 42, 42а, 43, 44, 44а, 46, 47 үйлері;

Сейфуллин көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 13а, 14 үйлері;

Тимирязев көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 12а, 13, 13а, 14, 15, 15а, 17, 18, 19, 21, 22, 24, 26, 28, 30, 32, 33 үйлері;

Ұлытау көшесі № 1, 2, 5 үйлері;

Школьная көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 15а, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 29 үйлері;

Рыбопитомник бөлімшесі;

Тұтыну кооперативі «Спутник».

***№238 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазған қаласы білім бөлімі Малшыбай ауылының №15 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Малшыбай ауылы.*

**Шекаралары:** Малшыбай ауылының барлық тұрғын үйлері мен қыстақтары.

***№239 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазған қаласы білім бөлімі Теректі станциясының №6 негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Теректі станциясы, 69-үй.*

**Шекаралары:** Теректі станциясының № 10, 17, 26, 38, 51, 55, 62, 70, 72, 75, 100, 102 үйлері;

Түйемойнақ станциясының № 5, 10, 12, 15, 18, 22, 23, 29, 31, 36 үйлері;

Теміржол разъездері № 310, 323, 334, 359, 360, 366, 370.

***№240 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазған қаласы білім бөлімі Талап ауылының тірек (ресурстық орталық) мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Талап ауылы, Молодежная көшесі, 21-үй.*

**Шекаралары:** Талап және Ескі Талап ауылдарының барлық тұрғын үйлері:

Абай көшесі № 3, 5, 11, 13, 15, 19, 21, 23 үйлері;

Комсомольский көшесі № 1, 2, 3, 4, 4/2, 5, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 19, 21 үйлері;

Құрманғазы көшесі № 1, 2, 4, 6, 8, 10 үйлері;

Мичурин көшесі № 1, 2, 3, 7, 9, 11, 13, 14, 17, 19, 23 үйлері;

Молодежная көшесі № 1, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 14, 18, 19, 22, 37б үйлері;

Сейфуллин көшесі № 3, 4, 5, 6, 8, 9, 10, 11, 12, 14, 16, 18, 20, 24, 26, 28 үйлері;

Советский көшесі № 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 15, 17, 18 үйлері;

Центральная көшесі № 1, 2, 4, 6, 8, 9, 10, 12, 14, 16, 20, 24, 26, 30, 32, 34, 36, 38, 40, 42, 44 үйлері;

Ықшамаудан № 4, 5, 7, 9, 10, 11, 12, 14, 17 үйлері;

Ескі Талап ауылының № 1, 2 үйлері.

***№241 сайлау учаскесі***

**Орталығы:** *«Жезқазған қаласы ішкі істер басқармасы» мемлекеттік мекемесі, уақытша ұстау изоляторы, Желтоқсан көшесі, 4-үй.*

## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



*Жезқазған қаласының тұрғыны, сүйікті ұл, адал жар, шаңырағының тірегі, арқа сүйер аға Біржан Мылтықбайұлы Базарбаевты және 11 жасқа толып отырған аяулы қызымыз, тәп-тәтті балапанымыз Ұлпан Біржанқызын мерейлі туған күндерімен құттықтаймыз! Аяулы жандарға көңілдері шалқып, бақытқа бөленіп, мәртебелерің биіктей берсін дейміз. Өмірдегі алар асулары биік болып, арман-мақсаттарыңа жетіп, көкжиектері сәт сайын кеңейе берсін дейміз! Әрбір таң арайлы шапағатты сезімдерді сыйға тартып, аспандарын бұлт шалмай, абыройлары арта берсін деген тілегімізді тілейміз.*

*Қадамдарың бола берсін қарымды,*
*Қайрат-жігер болсын әркез арынды.*
*Қылшылдаған жастық шақ, беу ғұмырың,*
*Жаңалыққа толы болсын жағымды.*

*Жүріңдерші әр уақыт шалқып-тасып,*
*Көрмеңдерші өмірде ешбір жасып.*
*Дауылдарда шайқалмай желкендерің,*
*Асау қан да жатсыншы бойда тасып.*

**Құттықтаушылар: анасы Күлән, бауырлары және Айтжановтар әулеті**






## ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАРДА

# БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС ТЕТІКТЕРІ

## *дөңгелек үстелде талқыланды*



**Жақында баспасөз қызметтерінің жұмысын жетілдіру, мемлекеттік мекемелер мен ақпарат құралдарының әріптестігін нығайту жолдарын іздестіру мақсатында «Мейірімді жүрек» қоғамдық бірлестігі дөңгелек үстел ұйымдастырды.**

Жезқазған қаласы ішкі саясат бөлімінің мемлекеттік-әлеуметтік тапсырысы аясында ұйымдастырылған іс-шараға Жезқазған, Сәтбаев қалаларындағы «Дидар», «Aqsham» телеарналары мен «Saryarqa», «Жезказганский вестник» газеттерінің қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдардың, қалалық соттың, мемлекеттік кірістер басқармасының, тарихи-археологиялық музей мен оқу орындарының жауапты мамандары қатысты. Жиналғандар бүгінгі таңдағы БАҚ пен мемлекеттік органдар байланысын реттеуші құқықтық базаға талдау жасап, жұртшылыққа жедел де нақты ақпарат жеткізудің жолдарын бірге қарастырды.

Дөңгелек үстел қатысушылары бұқарамен байланысты әлеуметтік желілердің алар орнына тоқталып, ақпарат таратуда осы телекоммуникация құралдарын жан-жақты пайдаланудың маңызын ерекше атап өтті. Сонымен бірге, баспасөзбен байланысқа жауапты қызметкерлердің мәртебесі туралы да орынды ұсыныстар айтылды.

**Өз тілшіміз**

# СЕЗІМ СЫРЫН ШЕРТКЕН

**Тайжан Қалмағанбетов атындағы филармонияның әншілері Жастар жылына үн қосу мақсатында 15 сәуір – Қозы Көрпеш пен Баян сұлу күніне арнап «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» атты сазды кеш ұйымдастырды. Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өткен мерекелік шараға қала жастары қатысты.**

Ертеректе жастар жағы ғашықтар күнін 14 ақпанда атап өтетін. «Әулие Валентин күні» атанған күннің тарихына үңілгендер осы мерекенің қазақ халқының діні мен дәстүріне жат екенін айтып дабыл қақты. Осылайша, 1999 жылдан бастап мемлекет қайраткері Дархан Мыңбайдың ұсынысы бойынша 15 сәуірде Қозы Көрпеш-Баян сұлу күні аталып келеді. Қозы Көрпеш пен Баян сұлу шамамен XII-XIII ғасырда өмір сүрген, ұлы сезімнің шырқау шыңына көтерілген сезімге адал, сертке берік болған ғашықтар. Сарыбай мен Қарабай аң аулап жүріп құдаласады. Бұл екеуінің ұл-қыздары кейін махаббат жолында түрлі қиыншылықтарды бастан кешеді. Жақсылық пен жамандық, дүниеқоңыздық пен көре алмаушылық, кек пен ашуға тап болған қос жүрек бір-біріне деген нәзік сезімдерін сақтай білген. Олардың махаббат тарихы осы адалдықтарымен құнды. Сондықтан махаббаттың символы айналған олардың есімдері ғашықтар күнімен байланыстырылды.

«Шалқыма» би ансамблінің «Нәзіктік» биімен шымылдығы түрілген мерекелік концерттің көркін «Шабыт» фестивалінің лауреаты «Алтын орда» фольклорлық ансамбльдің орындауындағы ән мен күй кіргізді. Ал, филармония әншілері Перизат Несіпбаева, Асхат Сағындықов, Руслан Исмайлов, Берік Арыстан, Зәуре Елбаева, Зәуреш Омарова мен Айзада Әбдіхалықова өзегі махаббат пен ғашықтық, шынайы сүйіспеншілік болған халық әрі эстарадалық әндерден шашу шашты. Жезқазған музыкалық колледжінің студенттері, болашақ актерлер сахнада Ғазиз Штанаевтың «Ғашықтар жыры» атты диалогын оқып, жиналғандардың жүрегін тебірентті.



Лəйлі мен Мәжнүннің, Қозы мен Баянның, Төлеген мен Жібектің, Абай мен Тоғжанның,Естай мен Қорланның, Балуан Шолақ пен Ғалияның, Ақан сері мен Ақтотының арасындағы шынайы ғашықтық сезімін насихаттап, олардың шексіз махаббатын қазіргінің жастарына үлгі етуді мақсат тұтқан кездесудің соңында Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Бақытжан Көпбаев сөз алды. Жастар ертеңгі күннің ғана емес, сонымен қатар тарихқа айналып бара жатқан бүгіннің де иесі екенін тілге тиек еткен ол қаланың қоғамдық, мәдени өміріне белсене араласып жүрген Маржан Ержанқызын, Толқынай Мұхамеджанды, Назым Жаңабайды, Ершат Сұлтанғалиді Алғыс хатпен марапаттады.

**Бота ШАЛҚАР**

## АКАДЕМИК Қ.И.СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 120 ЖЫЛ

# «ҚАНЫШЫ БАҚЫТ БОЛҒАН, ЖЕЗҚАЗҒАН – ЖАҚҰТ ҚАЛАМ»

## *атты әдеби-музыкалық шара өтті*

**Ұлы ғалымның есімін иеленген №7 мектеп-лицей үшін биылғы жыл мерекеге толы болмақ. Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 120 жыл, Жезқазған қаласының 65 жылдық мерейтойымен қатар биыл білім ошағы алғаш оқушыларына есігін айқара ашқанына да қырық жыл толып отыр. Аталған даталарға орай Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейінің ұжымы «Қанышы бақыт болған, Жезқазған – жақұт қалам» атты әдеби-музыкалық шара өткізді.**



Ұстаздар қауымы мен оқушылар дайындаған мерекелік жиынның қадірлі қонағы қатарында ата-аналар мен мектеп түлектері, сондай-ақ, ардагер ұстаздар болды. Әсем әнмен әрленген, жыр болып төгілген кездесуде мектеп-лицейдегі Қаныш Сәтбаев мұражайы жанынан жасақталған көрме-оқу залының салтанатты ашылуы өтті. Мұражайдың көрме-оқу залын ашу рәсімін жүргізу ұлағатты ұстаз, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Жезқазған қаласының Құрметті азаматы ұзақ жылдар бойы білім ошағына басшылық еткен Нұрия Жұмажанова мен мектеп түлегі Данияр Керімбековке бұйырды. Жиналғандарға Қаныш ағаның өмірінен сыр шерткен Нұрия Әлмұқанқызы лицей оқушылары мен ұжымы ұлы ғалымның атын асқақтатуға үлес қосуы керектігін айтты. Қаныш Сәтбаев атындағы көрме-оқу залы академиктің 120 жылдығы, Жезқазған қаласының 65 жылдығы және мектеп-лицейдің 40 жылдық мерейтойына арналған бөлімдерден тұрады.

1998-1999 оқу жылынан бастап Қ.Сәтбаевтың туған күні қарсаңында ұлы ғалым өмірін өнеге ете отырып білім алушыларды Сәтбаев кеңістігінде құндылыққа тәрбиелеу мақсатында жыл бойы атқарылған іс-шаралардың нәтижелерін жариялайтын және мектеп-лицей оқу-тәрбие үдерісіндегі құндылықтар мен жаңашылдықтар көрініс табатын «Қаныш жолы» газеті мен жас ақындардың өлеңдерін қамтыған «Қаныш жауһарлары» атты жинағын шығару дәстүрге айналған. Дәстүрден жаңылмаған ұжым биыл газетті латын графикасындағы қазақ әліпбиі негізінде басып шығарғанын айта кеткен жөн. «Қанышы бақыт болған, Жезқазған – жақұт қалам» атты әдеби-музыкалық шара соңында қонақтарға аталған қос мерекелік шығарылым тарту етілді.

**Өз тілшіміз**

**Ғұлама геолог, көрнекті қоғам қайраткері, академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 120 жыл толуына орайластырып М.Әуезов атындағы кітапханада «Қазақ ғылымының атасы» атты әдеби мұражай ұйымдастырылып, оны Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің «Геология» бөлімінің студенттері мен Жезқазған политехникалық колледжінің «Тау-кен ісі» факультетінің оқушылары тамашалады.**

# ҒАЛЫМ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН КӨРМЕ

Аталған шараларды бүгінгі күні еліміздің барлық қалалары мен елді мекендерінде өткізу дәстүрге айналды. Өйткені, академик Қаныш Имантайұлының қазақ халқы мен Қазақстан тарихында қалдырған еңбегі өлшеусіз. Біз Қаныш ағаны геология ғылымның негізін қалаушы ғана емес, сонымен қатар, өз заманының асқан сөз шебері, ойшылы және белгілі қоғам қайраткері ретінде білеміз әрі құрметтейміз.

«Қазақ ғылымының атасы» деп аталған көрме төрт бөлімнен тұрды. «Ғалымның өмір жолы» атты алғашқы бөлімде академиктің өмірінен сыр шертетін әдебиеттер мен фотолар қойылса, «Ұлытау- және Қаныш» деп аталатын бөлімде Ұлытау, Қарсақбай, Жезқазған, Сәтбаевқа арнаған еңбектері туралы баспасөз беттерінде жарияланған мақалалар ұсынылды. «Есімдегілер мен Естеліктер» деген бөлімде Қаныш Сәтбаев туралы жазылған естеліктер мен арнаулармен жақынырақ танысуға мүмкіндік жасалды. «Выдающийся геолог» деген бөлімге орыс тілінде шыққан әдебиеттер қойылып Әлкей




Марғұлан мен Кәкімбек Салықовтың дәйекті сөздерімен жалғасты.

Қазақ тау-кен ісінің бастау алып, жер қойнауын зерттеу ісінің қалыптасуы, Жезқазғанның дамуы академик Қ. Сәтбаевтың есімімен қаншалықты тығыз байланысты болса, ғалымның ғылыми еңбек жолы Қазақстанның экономикалық және рухани түрде дамуымен да соншалықты тығыз байланысты екенін кітапханашы Айдана Айтбаева студенттерге түсіндіріп өтті. Берері мол кездесу Қ.Ахметовтің «Жезқазған мен Сәтбаев егіз ұғым» атты арнаумен түйінделді.

**Бота ШАЛҚАР**

## СПОРТ

# БОЗ КІЛЕМДЕГІ ТАРТЫС

## *Қадыр Мәткеновті еске алуға арналды*

**«Ұлытау» спорт кешенінде «Жезқазғантүстіметалл» акционерлік қоғамы, Қарсақбай мыс қорыту зауытының директоры, Ұлытау және Жезді аудандарының құрметті азаматы, КСРО-ға еңбегі сіңген металлург, Қадыр Мәткеновті еске алуға арналған 2002-2004 және 2005-2007 жылдары туған кіші жасөспірімдер арасындағы грек-рим күресінен II республикалық турнир өтті.**

Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Түркістан облыстары, Нұрсұлтан, Алматы, Шымкент, Теміртау, Жезқазған қалалары, Қарсақбай кентінен жиналған спортшылар он салмақ дәрежесінде үш күн бойы сынға түсті.

Спорт жарысының ашылу салтанатына қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекова қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі. «Нұр Отан» партиясы «Қазақмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шыңғысов сөз алып, Қадыр Мәткеновтің еңбек озаты ғана емес, елге сыйлы азамат екенін атап өтті. Қадыр Мәткеновтің ұлы, Қарсақбай металлургия зауытының директоры Мұрат Мәткенов те салтанатты жиынға келіп, жас балуандарға сәттілік тілеп, лебізін жеткізді. Турнирге арнайы шақырылған грек-рим күресінен КСРО Халықаралық дәрежедегі спорт шебері, «Поддубный» халықаралық турнирінің екі дүркін жүлдегері, Қарағанды облысының жасөспірімдер құрама командасының аға жаттықтырушысы Олег Маньшин да



өз тілегін жеткізді. Спорт ардагерінің иығына қала басшылығы атынан шапан жабылып, сый-сияпат тарту етілді.

Дүбірлі жарыстың қорытындысы бойынша жезқазғандық палуандар да өз есесін жібермей жүлделі орындарға ие болды. 92 келі салмақта Айдын Өмірзақ II орын, 71 келіде Ерасыл Серіков I орын, Аян Шахмұрат III орын, 65 келі салмақта Эльшад Михайлов II орын, Дамир Төлепқалиев III орын, 51 келі салмақта Исламбек Өтешов III орын, 38 келі салмақта Ануар Болат II орын, 41 келіде Айтуған Мұхамедия III орын, 32 келі салмақта Санжар Серікбай III орын, 25 келіде Айбек Барменше III орын иеленді.

**Сара ТЕМІРҒАЛИ**
*Суреттерді түсірген*
**Ғалия ӘБДІҒАППАРОВА**

# «ТУҒАН ӨЛКЕ – ТҰНҒАН ТАРИХ»

## *жобасы аясында өлкетану сабағы өтті*

**«Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады», – деген Тұңғыш Президенттің сөзін жүзеге асыру мақсатында Жезқазған қаласының мемлекеттік архивінде «Туған өлке – тұнған тарих» жобасы қолға алынған болатын. Жоба аясында халқымыздың ұлы перзенті, көрнекті ғалым, геолог, Қазақстан Ғылым Академиясының тұңғыш президенті Қаныш Сәтбаевтың туғанына 120 жыл толуына орай «Ғылымның жарық жұлдызы» тақырыбында өткен өлкетану сабағына медициналық колледждің «119 – Емдеу ісі» тобының шәкірттері арнайы шақыртылды.**

Еліміздің жер қойнауындағы қазба байлықтарға геологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оны Отан игілігіне айналдыру жолында академиктің сіңірген еңбегі зор. Ғылым мен практиканы тығыз ұштастыра білген Қаныш Сәтбаевтың нағыз энциклопедиялық білімнің иесі болғандығын замандастарының аузынан талай естідік. Сондықтан, Қаныш ағаны білімі мен талантын түгел туған елінің игілігіне жұмсаған тұлға деп мақтан тұтады әр қазақтың баласы.

Қаныш Имантайұлының ғұмырынан жастарға ғибрат бере отырып, ер есімін ұлықтауды мақсат тұтқан өлкетану сабағына колледж студенттерімен қатар оқу орнының қазақ тілі пәнінің мұғалімі Гүлзейнеп Кенішбаева және қалалық мемлекеттік архив басшысының орынбасары Бақытбек Төрежанов, әдебиет, өнер, жеке қорлар, ақпараттар және құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің басшысы Жаңагүл Оспанова, осы бөлімнің қызметкері Қарлығa Наурызбаева қатысты.

Өлкетану сабағын ашқан Бақытбек Төрежанов жиналғандарға Қаныш Сәтбаевтың өмірі мен қызметі жайында мол мағлұмат берді. Отырыс барысында қатысушыларға архив қызметкерлерінің дайындаған «Ғаламшар» атты бейнеролигі ұсынылды. Сондай-ақ, әдебиет,




өнер, жеке қорлар, ақпараттар және құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің басшысы Жаңагүл Оспанова архивтегі №289-шы С.Бүкіровтің, №333-ші В.Штифановтың жеке тектік қор құжаттарындағы Қ.Сәтбаев туралы құнды құжаттармен таныстырып өтті. Жезқазған медициналық колледжінің студенті Гүлжанат Есенбек ұлт мақтанышына арнаған арнау өлеңін оқыса, Самал Шаяхмет туған жері Қарсақбай кентінде орналасқан Қ. Сәтбаевтың мұражайы жайлы баяндады. Ал, Мерей Қайыпова мен Жасмин Мұхит ғалым туралы білген қызықты мәліметтерін ортаға салды.

Кездесу соңында Жезқазған медициналық колледждің оқытушысы Гүлзейнеп Кенішбаева жастарды ұлтжандылыққа тәрбиелеуде осындай игілікті істердің маңызы зор екеніне тоқтала келіп, архив ұжымына алғыс білдірді. Архивтің қор сақтаушысы Маржан Жүсіпова болашақ дәрігерлерд архив қоймаларымен таныстырып, экскурсия жүргізді.

**Бота ШАЛҚАР**